

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Бекітемін

Педагогика факультетінің деканы

 Ергалиева Г.А.

« 10 » 09 2020 ж.



Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасы

SYLLABUS

Пәннің атауы: ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ӘДІСТЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасы: Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Құрастырған: Хабиева Д.Г.- аға оқытушы, магистр
(ТАӘ, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

Орал, 2020 ж.

SYLLABUS Әдебиеттік оқу әдістемесі оқу-әдістемелік кешені Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және 6B01301 «Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі» мамандығының типтік оқу бағдарламасы (Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ) негізінде құрастырылды.

(атауы, бекітілген жылы)

Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасы мәжілісінде қаралды
Хаттама № 1 «10» 09. 2020ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ Хабиева Д.Г.
(қолы, ТАӘ)

Пікір беруші: Ажғалиев М.Қ. – п.ғ.к., доцент, БҚИТУ.
(ТАӘ, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

Пікір беруші: Хасанова І.Ө. - п.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚУ.
(ТАӘ, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

Сарапшы: Қалымбет А.К. - Орал қаласындағы №6 ЖОББМ директоры.
(ТАӘ, лауазымы, ғылыми дәрежесі)

1 Пән туралы мәліметтер:

Кредит	3
Курс	3
Семестр	5
Қорытынды бақылау түрі	емтихан
Дәріс (сағаты)	15
Практикалық (семинар, лабораториялық) сабақтар (сағаты)	15
СОӨЖ (сағаты)	15
СӨЖ (сағаты)	
Барлық сағаттар	45

Мақсаты: студенттерге мектепте әдебиеттік оқу әдістемесін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан, ұлттық менталитеті жоғары маман даярлау.

Курстың міндеттері:

- Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған әдебиеттік оқу әдістемесі саласындағы соны өзгерістермен таныстырып, оны тиімді қолданудың жолдарын үйрету;
- Студенттерге әдебиеттік оқу әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздерін меңгерту;
- Әдебиеттік оқу жүйесінің ішкі салаларын бастауыш мектепте оқыту ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан талдап көрсету;

Оқытудан күтілетін нәтижелер: *(Блум таксономиясы бойынша)*

Курс аяқталғаннан кейін студенттер білуі керек:

- жаңартылған білім бағдарламасының ерекшелігін;
- әдебиеттік оқу бағдарламасы мен оқулықтарды талдауды;
- сабақ жүргізудің әдістемесін;
- әдебиеттік оқу сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдерді.

Курс аяқталғаннан кейін студенттер жасай алуы керек:

- ақпараттық-техникалық құралдарды қолдануды;
- қысқа мерзімді жоспар құруды.

Игерілетін дағдылар:

- функционалдық дағдылар;
- коммуникативтік дағдылар (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым)

Пререквизиттер:

Жалпы орта білім беретін мектептерде оқытылатын әдебиеттік оқу пәні.
Балалар әдебиеті.

Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы.
Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы.
Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы.

Постреквизиттер:

Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі.
Әдебиеттік оқу әдістемесі.

2. Оқытушы туралы мәлімет, байланыс ақпараттары: Хабиева Дина Гарифоллиевна.
8 777 796 12 44. Sezim1279@mail.ru

3. Курстың саясаты:

Курс саясаты оқу процесінің жоғарғы тиімділігін қамтамасыз етуге тиісті және барлық студенттер үшін міндетті. Әрбір оқытушы студенттерге сабақ барысында тәртіп ережелерін, оқытушымен және басқа студенттермен өзара қатынастарын ұстаудағы өзіндік жүйесін талап етеді.

Студенттерге қойылатын талаптар:

Курс бойынша жоғары балл алу үшін әрдайым жұмыстану қажет. Себебі пән бойынша баға жалпы семестр бойы жинақталады. Сабаққа белсенді қатысып, барлық тапсырмаларды нақты, дұрыс, ұқыпты, толық орындаған жағдайда студентке жоғары баға қойылады. Студент әрбір кредит сағат бойынша жинаған балдарын есептеп жүру қажет (жоғарыда көрсетілген пән бойынша білімді бағалау және апталық тақырыптық кесте бойынша)

1. Сабаққа қатысу

Студент сабаққа қатысуға міндетті. Қалдырылған сабақтар пәннің оқу-әдістемелік кешенінде көрсетілгендей толық көлемде орындалу қажет. Пәннің 3/1 себепсіз қалдырса, курстан шығарылады.

2. Аудиториядағы тәртіп

Студент сабаққа кешікпеу, сабақ уақытында сөйлеспеу, газет оқымау, ұялы телефонның сөндіру, оқу үрдісіне белсенді қатысуы қажет.

3. Үй тапсырмасы

Үй тапсырмасы міндетті түреде көрсетілген мерзімде орындалуы қажет. Үй тапсырмалары негізінде қорытынды баға шығарылады.

4. Жеке тапсырмалар

Семестрлік жеке тапсырмалар міндетті болып табылады. Олар реферат (баяндама, хабарлама т.б.) ретінде орындалып, қорғалады. Бұл тапсырмалардың әрқайсысы бағаланып, қорытынды баға шығарылады.

5. Бақылау жұмысы.

Бақылау жұмысы сабақ уақытында орындалып, тапсырылады. Студенттердің білімін бақылау негізінен тест тапсырмаларын орындату арқылы тексеріледі.

6. Пікірлесу. Пікірлесу әр топта кесте бойынша жүзеге асады. Студенттердің білімін бақылау тест тапсырмаларын орындату арқылы жүргізілуі мүмкін.

4 Пәннің құрылымы мен мазмұны

Апта	Дәріс	Семинар/практикалық сабақ, / зертханалық сабақ	СОӨЖ	СӨЖ
1 - модуль Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдебиеттік оқу пәнінің ерекшеліктері				
1.	Тақырыбы: Жаңа бағдарлама, ерекшелігі Әдістері: Миға шабуыл	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу әдістемесінің жүйелік болмысын тану жолдары. Әдістері: Пікірталас	Тақырыбы: Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістемесі.	Тақырыбы: М.Дулатов «Байлық» әңгімесіне ҚМЖ құру. 2-сынып.
2.	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу пәнінің мақсаты мен міндеттері. Әдістері: Сыни ойлау	Тақырыбы: Жаңа бағдарламаны талдау. Әдістері: Презентация	Тақырыбы: Жаңартылған білім берудің ерекшеліктері.	Тақырыбы: О.Әубәкіров «Сүт қалай ұйықтады?» өлеңіне ҚМЖ құру. 2-сынып.
3.	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу әдістемесінің басқа ғылымдармен байланысы Әдістері: Әңгіме әдісі	Тақырыбы: Оқу үрдісін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдер. Әдістері: Рөлдік ойын	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу сабағында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.	Тақырыбы: Ы.Алтынсарин «Салақтық» әңгімесіне ҚМЖ құру. 2-сынып.
4.	Тақырыбы: Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдебиеттік оқу пәнінің ерекшеліктері. Әдістері: Миға шабуыл	Тақырыбы: Дескриптор. Кері байланыс. Модерация. Рубрика. Әдістері: Рөлдік ойын	Тақырыбы: Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері.	Тақырыбы: Қадыр Мырза Әли «Жұмыстың жылуы» өлеңіне ҚМЖ құру. 2-сынып.
2 - модуль Оқу үрдісін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдер				
5.	Тақырыбы: Оқу үрдісін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдер Әдістері: Ойлаудың алты қалпағы.	Тақырыбы: Сынып бойынша базалық білім мазмұнына талдау жасаңыз. Әдістері: Үлкен шеңбер	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру жолдары.	Тақырыбы: «Жолбарыс пен түлкі» ертегісіне ҚМЖ құру. 2-сынып.
6.	Тақырыбы: Әдіс-тәсіл түрлері Әдістері: Әңгіме әдісі	Тақырыбы: Жоспар және оның түрлері. Әдістері: Мозайка	Тақырыбы: Жаңаша білім беру бағдарламасындағы маңызды үш құжат.	Тақырыбы: Қ.Жұмаділов «Ұзынсары» әңгімесіне ҚМЖ құру. 2-сынып.
7.	Тақырыбы: Ақпараттық	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу	Тақырыбы: Б.Соқпақбаев

	технологияны оқу үрдісінде қолдану жолдары. Әдістері: Әңгіме әдісі	қолданылатын әдіс-тәсілдер. Әдістері: Портфолио	пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологиялар	«Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесіне ҚМЖ құру. 2-сынып.
8.	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру жолдары Әдістері: Топтық пікірталас	Тақырыбы: Оқу және оның түрлері. Әдістері: Портфолио	Тақырыбы: Оқудың түрлері.	Тақырыбы: «Қарлығаш әулие» әңгімесіне ҚМЖ құру. 3-сынып.
3 – модуль Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері				
9.	Тақырыбы: Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері Әдістері: Ойлаудың алты қалпағы	Тақырыбы: Мәтін және оның түрлерімен жұмыс. Әдістері: Презентация	Тақырыбы: Мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін шығармашылық жұмыстар.	Тақырыбы: О.Бодықов «Аққұс туралы аңыз» әңгімесіне ҚМЖ құру. 3-сынып.
10.	Тақырыбы: Қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Әдістері: Миға шабуыл	Тақырыбы: Ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту жолдары. Әдістері: Үлкен шеңбер	Тақырыбы: Көркем шығармалардың кейбір түрлерін оқыту	Тақырыбы: Ш.Жиенқұлова «Қазақ биі» әңгімесіне ҚМЖ құру. 3-сынып.
11.	Тақырыбы: Жоспар және оның түрлері. Әдістері: Миға шабуыл	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу сабағында қажетті көрнекі құралдар. Әдістері: Портфолио	Тақырыбы: Оқу сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдар.	Тақырыбы: Ф.Оңғарсынова «Зергер» өлеңіне ҚМЖ құру. 3-сынып.
12.	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу сабағында қысқа мерзімді жоспарлаудың тиімділігі. Әдістері: Рөлдік ойын	Тақырыбы: Сыныптан тыс оқудың маңызы мен мақсаты. Әдістері: Әңгіме әдісі	Тақырыбы: Сыныптан тыс оқу.	Тақырыбы: Қ.Баянбай «Атқа міндім» өлеңіне ҚМЖ құру. 3-сынып.
4 – модуль Әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру жолдары				
13.	Тақырыбы: Оқудың түрлері. Әдістері: Миға шабуыл	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу сабағында жүргізілетін өзіндік жұмыс түрлері. Әдістері: Портфолио	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыстары.	Тақырыбы: М.Әуезов «Бала Абай» әңгімесіне ҚМЖ құру. 3-сынып.
14.	Тақырыбы: Мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстар	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың саналы, түсініп, шапшаң оқуына қойылатын талаптар. Әдістері: Рөлдік ойын	Тақырыбы: Оқу сабақтарында балалардың дағдыларын, шеберліктерін есепке алу	Тақырыбы: Ж.Жабаев «Шәкірт балаларға» өлеңіне ҚМЖ құру. 3-сынып.

	Әдістері: Миға шабуыл			
15.	Тақырыбы: Әдебиеттік оқу сабағында жүргізілетін өзіндік жұмыс түрлері. Әдістері: Миға шабуыл	Тақырыбы: Әдебиет пәні арқылы оқушыларға тәрбие беру жолдары. Әдістері: Әңгіме әдісі	Тақырыбы: Бастауыш сыныптарда оқу сабақтарында жүргізілетін тәрбие жұмыстары	Тақырыбы: А.Жұбанов «Құрманғазы» әңгімесіне ҚМЖ құру. 3-сынып.

5. Әдебиеттер тізімі

1. Блум Б.С. (1956). Классификация учебных целей. Нью Йорк: Лонгман.
2. Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп, Педагогикалық шеберлік орталығы құрастырған, Қазақстан Республикасындағы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының деңгейлік бағдарламасының глоссарийі: оқу-әдістемелік құрал (2012). Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
- 3.Рахметова С.Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2007.
- 4.Тұрдалиева Г.Ж. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. Астана, 2007.
5. Логвина И., Рождественская Л. Инструменты формирующего оценивания в деятельности учителя-предметника. Пособие для учителя. – Нарва, 2012.
6. ЭЫДҰ (2014). Ұлттық білім беру саясатына шолу. Қазақстандағы орта білім беру.
7. Пинская М.А. Формирующее оценивание: оценивание в классе: Учебное пособие. – М.: Логос, 2010.
8. Шамова Т.И. Современные средства оценивания результатов обучения в школе. – Москва, 2007.

Мультимедиялық материалдар, электрондық кітаптар

1. abai.kz
2. kazaktili.kz
3. school.ov.kz
4. anatali. Kz
5. studentochka.kz
6. inform.kz
7. kitaphana.kz

6. Дәрістер кешені

Дәріс 1. Әдебиеттік оқу пәнінің мақсаты мен міндеттері.

1. Бастауыш мектепте әдебиеттік оқу әдістемесінің мақсаты мен міндеттері, мазмұны.
2. Әдебиеттік оқу әдістемесінің философия, логика, психология, педагогика, кибернетика т.б. ғылымдармен байланыстылығы.

1. Әдебиеттік оқу пәнінің мақсаты мен міндеттері.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің **мақсаты** – бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша төмендегідей **міндеттерді** жүзеге асыру көзделеді:

- әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту;
- коммуникативтік (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дағдыларын қалыптастыру;

-ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы оқушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру;

-оқу сапасын (дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, көз жүгіртіп, болжап оқу) жетілдіру;

-оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдеби нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгерту; сыни ойлауын жетілдіру;

-көркемдік-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап, ой қорытындысын жасауға үйрету;

-алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйрету;

-оқылған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін орындауға дағдыландыру.

Оқу бағдарламасының мазмұны көркем шығармалар арқылы оқушылардың сөздік қорын жана сөздермен байытуды, көркем туындылардағы айтылған ойларға пікірін білдіруді және оны дәлелдеуді, белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыландыруды, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беруді, мәтін бойынша өздігінен сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бақылауды, шығармадағы негізгі ойды өз бетінше тұжырымдауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланыс орнатуды, жоспар құруды; сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды, көркем шығармаларды басқа өнер түрлерімен салыстыруды, көркем шығармалардың элементтерін ажыратуды қамтиды.

2. Әдебиеттік оқу әдістемесінің философия, логика, психология, педагогика, кибернетика т.б. ғылымдармен байланыстылығы.

Тіл білімімен байланысы. Әдебиеттік оқу әдістемесінің зерттейтін басты объектісі оқушыларға тілді, сөз өнерін меңгерту болғандықтан, ол ең алдымен тіл біліміне арқа сүйейді. Өйткені мектепте қазақ тілі пәнінен өтілетін материал тіл білімі ғылымының негізінде белгіленеді.

Әдістемелік негізде мектеп грамматикасы мен ғылыми грамматика бір-бірімен тығыз байланысты, тіпті біртұтас деуге де болады.

Педагогикамен байланысы. Жалпы тұрғыда педагогика жас ұрпақтарға білім, тәрбие берудің мәні, мақсаты, мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру түрлері туралы ғылым ретінде сипатталады. Дидактика педагогиканың маңызды бір бөлігі – оқытудың жалпы теориясы ретінде қазақ тілі әдістемесінің негізі болып табылады.

Психологиямен байланысы. Психология оқушының психологиялық ерекшеліктерін сипаттайды: жоғары нерв жүйесінің қызметі туралы ілімге сүйене отырып, ол оқытудың әдісі мен тәсілін психологиялық тұрғыда дәлелдеуге көмектеседі. Сөйтіп әдебиеттік оқуды оқытуға байланысты әдістемелік мәселелерді дұрыс түсініп, практика жүзінде шешуге мүмкіндік береді.

Дәріс 2. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдебиеттік оқу пәнінің ерекшеліктері.

1. Жаңартылған білім берудің ерекшеліктері.
2. Жаңа бағдарламаның мақсаты.

1. Жаңартылған білім берудің ерекшеліктері.

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Бастауыш білім беру мақсаты – келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға ие:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;

- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірмелі;
- коммуникативті.

«Әдебиеттік оқу» пәні – бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық және тілдік дағдыларын қалыптастыруға, олардың адамгершілік және әдеби-эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейтуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, сөз өнерін сезінуге, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін негізгі пәндердің бірі.

2. Жаңа бағдарламаның мақсаты

бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Ерекшеліктері

қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерін талдай отырып, ұлттық және жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды тануға;

көркем шығармадағы тілдік қолданыс ерекшеліктеріне жіті бақылау және кең талдау жасай отырып, оқушы тілдік құралдарды саналы түрде дұрыс таңдауға және өмірлік тәжірибесінде қолдануға;

алған білімі мен дағдыларын өзінің өмірлік және басқа адамдармен қарым-қатынас тәжірибесінде қолдануға ықпал етеді.

Бөлімдер	Бөлімшелер
Тыңдалым және айтылым	<ul style="list-style-type: none"> - шығарманың мазмұнын түсіну; - шығарманы мазмұндау; - шығармадағы оқиғаны болжау; - тыңдарманның назарын аударту; - тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру.
Оқылым	<ul style="list-style-type: none"> - оқу түрлерін қолдану; - шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру; - шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау; - әдеби шығарманың жанрын анықтау; - шығарманың композициясын анықтау; - кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау; - әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау; - көркем шығарма элементтерін салыстыру; - түрлі дереккөздерден ақпарат алу.
Жазылым	<ul style="list-style-type: none"> - шығарманың жоспарын құру; - түрлі жанр бойынша шығармашылық жұмыстар жазу; - шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну;

Дәріс 3. Оқу үрдісін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдер

1. Оқу үрдісін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдер
2. Әдіс-тәсіл түрлері

1. Оқу үрдісін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдер

Жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей) оқу үдерісінде «білім алу жолын» білетін, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол, зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлғаны қалыптастыру қағидасын ұстанады.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық тәсілдемелер мен технологиялар қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

- 1) оқытудың коммуникативтік (қарым-қатынастық) тәсілдемесі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);
- 2) зерттеушілік тәсілдеме (оқушылар «не білемін, нені білгім келеді, нені үйрендім» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);
- 3) жүйелі-әрекеттік тәсілдеме;
- 4) дамыта оқыту технологиясы (оқушылар оқу әрекетінің тәсілдерін игеріп, өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);
- 5) дифференциациялап оқыту технологиясы (оқушыларды қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай оқыту).

2. Әдіс-тәсіл түрлері

«Мизга шабуыл» әдісі. Мақсаты: қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу. **Тиімділігі:** Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады. **Қолданылуы:** Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

«Шаттық шеңбері» (сергіту сәті). Мақсаты: Бұл әдіс оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. **Тиімділігі:** Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. **Қолданылуы:** Сабақ басталар алдында қолданамыз. Оқушылар үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.

«Ақылдың алты ойлау қалпағы» Эдвард де Боно бойынша. Мақсаты: Оқушының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Мәселені барынша мұқият талқылап, оқушының жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолдану. **Тиімділігі:** Ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады. **Қолданылуы:** Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді, бағыттайды.

«Биопоэма» әдісі. Мақсаты: Алғашқы сабақ кезінде бір-бірімен танысу, жан-жақты ақпарат жинақтау, ол ақпаратпен бөлісу. **Тиімділігі:** Топтағы таныстықты арттырады, өз ортасындағы ұқсастықты табады, ізденімпаздыққа жетелейді. **Қолданылуы:** А-4 парақты 8 бөлікке бөліп, әр бөлікке өзі туралы маңызды ақпаратты толтырады. Мәліметтерді толықтырып болған соң, бүкіл топ мүшелерінің біреуінен ұқсастықты байқау, саралау, мәліметті толықтырады

«Фишбоун» әдісі (постерде) Жапондық профессор Исикава бойынша. Мақсаты: Жаңа мәліметті, идеяларды сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтау. **Тиімділігі:** Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. **Қолданылуы:** Постерге балықтың қаңқасы суретін салып, басына тақырып жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазылады. Түйінді ой құйрығына жазылады. Кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады.

Дәріс 4. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

1. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері.
2. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау.

1. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

«Әдебиеттік оқу» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогін оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі.

Бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журнал – жиынтық бағалау (бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсан) нәтижелерін тіркейтін және тоқсандық, жылдық, қорытынды бағаларды автоматты түрде есептеуді жүзеге асыратын электрондық құжат. **Балл қою кестесі** – тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте.

Білім алушы портфолиосы – пән бойынша оқу жылына білім алушының оқу жетістігінің жеке және жинақталған бағаларын тіркейтін тәсіл. Білім алушының оқу жетістігінің деңгейі – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі.

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама.

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі.

Жиынтық жұмыс – оқудың белгілі бір кезеңінде пән бойынша білім алушылардың оқу жетістігі деңгейін анықтауға арналған білім алушылар жұмысы.

Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру.

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі.

Модерация – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс.

Ойлау дағдыларының деңгейлері – әрбір деңгейі ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі.

Оқу бағдарламасының ортақ тақырыбы – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент.

Оқу мақсаттары – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым.

Оқытудың күтілетін нәтижелері – білім алушының оқу үдерісі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын айқындайтын құзыреттіліктер жиынтығы.

Рефлексия – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі.

Рубрика – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар.

Түрлі деңгейдегі тапсырмалар – білім алушының қабілетін есепке ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

Дәріс 5. Әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1. Әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру жолдары.
2. Сынып бойынша базалық білім мазмұны.

1. Әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру жолдары

Оқу жүктемесін бөлу

Сынып	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
2-сынып	3 сағат	102 сағат
3-сынып	3 сағат	102 сағат
4-сынып	3 сағат	102 сағат

«Әдебиеттік оқу» бойынша қойылатын нормативтер:

Оқу шапшандығының міндетті деңгейі

Сынып	I жартыжылдық соңы	II жартыжылдық соңы
2-сынып	40-45 сөз	50-55 сөз
3-сынып	55-60 сөз	65-70 сөз
4-сынып	70-75 сөз	80-90 сөз

Оқу пәнінің 2-сыныптағы базалық білім мазмұны

Көркем шығарма бөлімі балалар әдебиетінің екі саласын қамтиды:

- 1) ауыз әдебиеті үлгілері;
- 2) жазба әдебиеті үлгілері.

Ауыз әдебиеті үлгілерінен:

1) балаларға арналған тақпақ, санамақ, мадақтау, өтірік өлеңдер, төрт-түлік жырлары: төрт түлік туралы өлеңдер, мал, жан-жануарлар айтысы, Наурыз жыры) ертегілер: хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер;

2) мақал-мәтелдер (әр түрлі тақырыптағы);

3) жұмбақ-жаңылтпаштар (әр түрлі тақырыптағы);

Жазба әдебиеті үлгілерінен ұсынылатыны:

1) қазақ ақын-жазушылары: Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Бегалин, Б. Соқпақбаев, Ш. Смаханұлы, Қ. Мырза Әли, М. Әлімбаев, Ө. Тұрманжанов, Ж. Смақов, Қ. Баянбай, Ә. Дүйсенбиев, Ф. Оңғарсынова, Ә. Табылдыев, А. Асылбеков, Ө. Қанахин, Т. Молдағалиев, Е. Өтетілеуов, Б. Кірісбаев, Е. Елубай, С. Қалиев, С. Сейітов, Б. Ысқақов, Д. Жұмагелдинова, М. Айымбетов, М. Абылқасымова өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері.

Ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы шығармалар).

Әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері.

Әдеби-теориялық білім: халық ауыз әдебиеті жөнінде (ертегі, өтірік өлең, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар және т.б.) өлеңнің ұйқасқа құрылатыны, ақынның көңіл-күйі туралы түсінік (өлең түрлері: табиғат лирикасы, арнау өлеңдер, мысал өлеңдер, сықақ өлеңдер және т.б.), мәтіндегі көркем сөз жөнінде практикалық түрде түсінік, мәтін түрлері, мәтіндегі негізгі ой туралы қарапайым мағлұмат; диалог туралы.

Оқу пәнінің 3-сыныптағы базалық білім мазмұны

Қазақ балалар әдебиеті ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті бөлімдерін қамтиды.

1) Ауыз әдебиеті үлгілері: аңыз әңгімелер, бата, мысалдар, шешендік сөздер, нақыл сөздер.

2) Жазба әдебиеті үлгілері ұсынылатыны:

қазақ ақын-жазушылары: Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Бегалин, Б.Соқпақбаев, Ш.Смаханұлы, Қ.Мырза Әли, М.Әлімбаев, Ө.Тұрманжанов, Ж.Смақов, Қ.Баянбай, Ә.Дүйсенбиев, Ф.Оңғарсынова, Ә.Табылдыев, А.Асылбеков, Ө.Қанахин, Т.Молдағалиев, Е. Өтетілеуов, Б.Кірісбаев, Е.Елубай, С.Қалиев, С.Сейітов, Б.Ысқақов, Д.Жұмагелдинова, М.Айымбетов, М. Абылқасымова өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері.

3) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян, күнделік (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, адамзат сырлары, техника жетістіктері, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы шығармалар).

4) Әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері.

Әдеби-теориялық білім:

Халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары (ертегі, аңыз, бата, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, шешендік сөздер) туралы ұғымдар дамытылып, олардың басты белгілері, мысал, әңгіме туралы ұғым, шығарманың тақырыбы, идеясы, сюжеті туралы қарапайым түсініктер, теңеу, эпитет, кейіптеу қолданысы, олардың анықтамалары, кейіпкерге мінездеме, портрет, диалог, монолог туралы).

Оқу пәнінің 4-сыныптағы базалық білім мазмұны

Балалар әдебиеті ауыз әдебиетін және жазба балалар әдебиеті үлгілерін қамтиды.

1) Ауыз әдебиеті үлгілері: батырлар жырынан үзінділер; аңыз әңгімелер мен қиял-ғажайып оқиғалар; шешендік сөздер; ертегілер; мысалдар.

2) Ұсынылатын қазақ ақын-жазушыларының шығармалары: Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев,

С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Бегалин, Б.Соқпақбаев, Ш.Смаханұлы, Қ.Мырза Әли, М.Әлімбаев, Ө.Тұрманжанов, Ж.Смақов, Қ.Баянбай, Ә.Дүйсенбиев, Ф.Оңғарсынова, Ә.Табылдыев, А.Асылбеков, Ө.Қанахин, Т. Молдағалиев, Е. Өтетілеуов, Б.Кірісбаев, Е.Елубай, С.Қалиев, С.Сейітов, Б.Ысқақов, Д.Жұмагелдинова, М.Айымбетов, М. Абылқасымова өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері.

3) Ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, очерк, естелік, өмірбаян, күнделік.

4) Әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері.

Әдеби-теориялық білім:

1) көркем мәтіндердегі пейзаждың, портрет, мінездеудің, диалог, монологтың орны туралы қарапайым түсінік, жазушы қолданған көркем сөздерді (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсерілеу) табу, шығарманың тақырыбы мен идеясы, композициясы, сюжеті туралы практикалық тұрғыда түсіндіру;

2) эпикалық жырлар, аңыз, теңеу, мысал, диалог, монолог, сатира, кейіптеу, фантастикалық шығарма, портрет, лирика, мінездеме, қайталау, логикалық екпін, сюжет, естелік және т.б. туралы ұғымдар.

Дәріс 6. Әдебиеттік оқу сабағында қысқа мерзімді жоспарлаудың тиімділігі.

1. Ұзақ мерзімді жоспар
2. Орта мерзімді жоспар
3. Қысқа мерзімді жоспар

1. Жоспар және оның түрлері.

Қазіргі таңда сабақтың өзгеше өтуі, яғни дәстүрлі емес сабақтың өтуі мұғалімнің жоспарды құруынан басталады. Жаңаша білім беру бағдарламасы маңызды үш құжаттан тұрады: бағдарламаның өзі, ұзақ мерзімді жоспар, орта және қысқа мерзімді жоспар. Осы күнге дейінгі біздің жасап келе жатқан «Күнтізбелік - тақырыптық» жоспарымыз – ұзақ мерзімді жоспар негізгі оқу мазмұнын қамтиды. Ұзақ мерзімді жоспар білім беру деңгейі бойынша барлық сыныптардағы пән тарауларын белгілеп, олардың жалпы ережелерін анықтайды. Яғни, ұзақ мерзімді жоспар – бұл оқу бағдарламасының жалғасы, онда пәннің негізгі мазмұны нақтыланады. Ал осы оқу бағдарламасын сыныпқа тән жеті модульді ықпалдастыра тізбектелген сабақтар топтамасына айналдырса, ол – «орта мерзімді жоспар» болып табылады. Орта мерзімді жоспар – ол белгілі тақырыпқа сай тізбектелген сабақтар жоспары, яғни, сол тақырыпқа тән бөлінген сағаттардың жұмыс сызбасы. Бұл жоспарды мұғалім жеке сынып үшін пайдаланады. Оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеуді қамтамасыз ету – қысқа мерзімді жоспарда жоспарланады. Қысқа мерзімді жоспар орта мерзімді жоспардың құрамындағы бір тақырыпқа байланысты, оқушыға арнап құрылған сабақ жоспарының формасы немесе үлгісі. Яғни, қысқа мерзімді жоспар – жеке, дербес сабақ жоспары болып табылады.

Қысқа мерзімді жоспарлауға барлық педагогтарды қамтуға болады. Мақсат қоя білу, міндеттерді белгілеу, күтілетін нәтиже, модульдерді қолдану, сабақтың барысы, мұғалімнің іс-әрекеті, оқушының іс-әрекеті, бағалау және рефлексия бөлімдері бойынша мұғалімнің жұмысын бағалау ұсынылады.

Жоспарды құрып отырғанда мұғалімнің алдында төменгі сұрақтарға жауап болу керек:

- Оқушылар нені білу керек?
- Қандай түйінді идеяларды түсінуі керек?
- Қандай мәселелерді зерттеп, талдаулары керек?

Ал, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрудың негізгі міндеттеріне келсек:

- сабақтың тақырыбын анықтау;
- әр тақырыпты меңгертудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;
- оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
- тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары бойынша түрлі жұмыс түрлерін дайындау;

төрт дағдыны қалыптастыру үшін ұсынылатын оқу материалдарымен ресурстарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктеп алу;

- уақытты үнемді және нәтижелі пайдаланудың жолдарын қарастыру;
- жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін рефлексия ұйымдастыру.
- сабақтың мазмұны бойынша қорытынды жасау;
- оқушыларға өзін-өзі тексеруге және бағалауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау;
- тақырыпты пысықтау үшін үй тапсырмасын әзірлеу.

Міне, сабақтың жоспарын осы сұрақтарға жауап беретіндей етіп және сабақ құрудың жоғарыдағы міндеттерін ескере отырып жоспарласақ, нәтижеге жетеміз. Ал, нәтиже:

- оқушыға бағытталуы керек;
- оқушының жас ерекшелігі мен оқу үлгеріміне сай болуы қажет.

Сонымен, қысқа мерзімді жоспар мұғалімге емес оқушының нақты әрекетіне бағытталады. Жеті модульді ықпалдастыра отырып, мұғалім мен оқушының әрекетін алдын – ала көпіршелер арқылы жоспарлау өте тиімді болмақ. Сол кезде ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады. Жоспарда оқушы мен мұғалім әрекетімен қатар нәтиже мен қолданылатын ресурстарды да енгізуге болады.

Қысқа мерзімді жоспардың нақты қатып қалған қағидасы жоқ. Ол мұғалімнің шығармашылығының жемісі десе де болады. Жоспардың әр бөліміне мұғалім кері байланыс орната білу тиіс. Осы жағдайда сабақ барысында «Өздігінен реттелген оқу» жүзеге асады. Өздігінен реттелген оқу негізгі үш элементтен тұрады:

1. тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы;
 2. оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен анықтауы;
 3. проблеманы шешу мен мақсатқа жету үшін әдіс – тәсілдерді өздігінен таңдауы.
- Ал, сабақ барысында қолданылатын педагогикалық әдіс – тәсілдерге келсек:
- оқушының қатесін табу үшін есес, қайта қателерін түзету үшін оқыту;
 - оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру;
 - оқушыларға дебат тақырыбын таңдауға, зерттеуге және «жақтаушы, даттаушы» топтарын құруға мүмкіндік беру;

дәлелдер мен айғақтарды қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

- өз ойын жеткізуге, таңдауға және келісімге келуге, өнім жасауға мүмкіндік беру;
- тапсырмалар (белсенді іс-әрекеттер) арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру.

Жаңаша оқытудағы оқу үдерісінде мұғалім емес оқушы неғұрлым белсенді болады, мұғалім оқу материалын дайын күйінде бермейді, ашық сұрақ қою, назарын шоғырландырып оқу, шолу жасау, тәжірибе және зерттеу жасауға бағыттап отырса, сабақ жемісті болады. Осындай жемісті сабақтың әр кезеңде белгілі бір оқыту мақсатын қоя отырып, мұғалім оқушыларға мақсатқа жетуге, мәселені анықтауға, жауаптарды іздеуге, мәселені талқылауға, қорытынды жасай отырып, өз ойын білдіруге үйрете отырып, ашық қоғамның бәсекеге қабілетті азаматы етіп тәрбиелейді.

Мысалға әр түрлі оқытудағы әдістердің мүмкіндіктеріне тоқталып кетсек:

- Оқылым және жазылымға негізделген сабақтарды құрылымды етіп құру сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді, яғни ол қызығушылығын ояту, мағынаны ажырату және рефлексия кезеңдерінен тұрады.

- Интерактивті оқыту әдіс -тәсілі арқылы оқушы интелектісіне әсер ету, яғни ақпарат мұғалімнен оқушыға, оқушыдан мұғалімге өтіп отыруына мүмкіндік береді.
- Белсенді оқытуда оқушылар өз пікірін айта білуді және өзгенің пікіріне құрметпен қарауды үйренеді.

- Ұжымдық оқыту технологиясы жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді қолданып көруге бағыттап отырады. Ұжымдық оқыту технологиясының мақсаты –қиын істерді атқаруда, топтық жұмыстарда, келісімге келуде, өзін-өзі басқару және ұйымдастыра білуде қажет болатын оқушы дағдыларын қалыптастыру әдістерін қалыптастыру әдістерін қолдану. Қандай әдіс – тәсілді қолданып өткізсек те әрбір

сабақтың соңында сабаққа талдау жасап, жақсы жақтары мен кемшік тұстарын анықтап отырудың маңызы зор.

Дәріс 7. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдер.

1. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологиялар.
2. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер.

1. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологиялар.

Жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) оқу үдерісінде «білім алу жолын» білетін, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол, зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлғаны қалыптастыру қағидасын ұстанады. Мұғалімдер «Әдебиеттік оқу» сабағында оқушылардың бойында бұл қасиеттерді түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастырады және дамытады.

Олар:

- оқушының жеке пікірін тыңдау;
 - оқушыларды мұқият іріктелген шығармашылық және логикалық оқу тапсырмалары арқылы ынталандыру;
 - оқушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуі үшін тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну және үлгісін көрсету;
 - әртүрлі стиль мен жанрдағы жазба жұмыстардың үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер беру арқылы жазба жұмыстарын орындауды үйретеді);
 - оқушылардың білім алуына «оқу үшін бағалау» және «оқуды бағалау» арқылы қолдау көрсету;
 - оқушылардың пән бойынша меңгерген біліміне жүйелі түрде мониторинг жүргізу;
 - оқушының өз білімін жетілдіруіне және бағалауына ынталандыратын мүмкіндіктер жасау;
 - түрлі белсенді шығармашылық, практикалық жұмыстарды қамтитын іс-әрекетті жүзеге асыру;
 - ізденуді және қосымша материал пайдалануды қажет ететін тапсырмаларды ұсыну;
 - зерттеу жұмыстарын жүргізуге және зерттеу әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағытталатын оқушылардың белсенді оқуын марапаттау;
 - оқушылардың өзара бірлесіп оқуын (сынып ішінде және сыныптар арасында) ұйымдастыру;
 - жеке, жұптық, топтық және ұжымдық жұмыстарды өзара үйлесімділікпен қолдану.
- «Әдебиеттік оқу» пәнін оқытуда келесі ұстанымдарды басшылыққа алу қажет:
- оқушыны қатесі үшін жазалап оқыту емес, қателерін түзету үшін оқыту;
 - оқушы мен мұғалім арасында сыйластық әрі ынтымақтастық қарым-қатынас орнату;
 - оқушылардың жас ерекшелігі мен қажеттілігіне сәйкес оқытуды саралау (сараланған тапсырмалар дайындау);
 - оқушылардың жетістігін бағалау және алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен табыс критерийлерін белгілеу;
 - топпен жұмыс жасауға қолайлы жағдай туғызу, топта еркін жұмыс жасауға баулу (әр балаға топтың белсенді мүшесі, кейде топ басшысы болуға мүмкіндік жасау);
 - өз ойларын еркін айтуға, өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндік беру;
 - ойын және зерттеу әдісін қолдану;
 - оқу-зерттеу әрекетін ұйымдастыру;
 - оқыту барысында «не білемін? не білгім келеді? нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру;
 - сыни ойлау дағдыларын дамыту;
 - оқушыны алған білімін тек білу үшін ғана емес, оны өмірде қолдану үшін үйрету.

Дәріс 8. Оқудың түрлері.

1. Оқу және оның түрлері.

1. Оқудың түрлері.

Оқудың түрлері екіге бөлінеді: дауыстап оқу, іштен оқу.

Дауыстап оқу көбінесе I—II сынып оқушыларына тән болады. Бірақ I сыныпта іштен оқытуға болмайды деген ұғым тумасқа тиіс. Іштен оқу I сыныптан-ақ басталады. Содан былай қарай, оқудың бұл көрсетілген екі түрінің екеуі де бір-бірімен ұштастырыла жүргізіледі. Балалардың дауыстап оқуы арқылы алған дағдылары іштен оқуға тасымалдана береді (II—III сыныптан бастап дауыстап оқылған материалдар іштен оқуға беріледі), III сыныпта жаңа материалдар алдын ала дайындық жұмыстарынан кейін іштен оқуға тапсырылады. Мұнда мәтіннің мазмұнын оқушылардың түсінуін қамтамасыз ететін түрлі тапсырмалар беріледі: мәтінге сурет ойластыру, тақырып табу, бөлімдерге бөлу т. б. III—IV сыныптарда іштен оқылған мәтіндерге балалардың түсінген-түсінбегендері түрлі сұраулар қойып, жауап алу арқылы немесе мәтіннің мазмұнын айтқызу арқылы, мәтіннен кейбір сөздерді тапқызу арқылы т. б. с. с. тексеріледі. Оқудың бұл түрлерінің екеуінде де дұрыс оқу, шапшаң оқу және түсініп оқу талаптары орындалуға тиіс. Дауыстап оқуға бұларға қосымша мәнерлеп оқу талабы қойылады. Бұл талаптар бір-бірімен тығыз байланыста іске асады. Өйткені түсінбей, мәнерлеп оқи алмайды, ал дұрыс оқымаса, түсінбейді.

Дұрыс оқудың негіздері алғашқы оқу-жазуға үйрету кезінде-ақ қалана бастайды. Осы кезде мұғалім әрбір жеке сөзді балаларға жеке әріптеп оқытпай, буындап оқуға жаттықтырғаны жөн, бірақ мұнда балаларды сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын жаңылыс ұғынудан немесе тіпті түсінбей оқудан сақтандыру керек. Егер бала буындап оқығанда қателессе, дереу түзетіп, оған қиын тиген сөздерге талдау жасап отырудың дұрыс оқуға дағдылану үшін пайдасы зор. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сабақтарында жіберетін қателерін топтап көрсетсек, төмендегідей:

1. Әріп, буын немесе сөз қалдырып кетіп оқу.
2. Кейбір буындарды, сөздерді екі рет қайталап, ежелеп оқитындар.
3. Тілі келмегендіктен немесе әдеттеніп кеткендіктен бір әріпті екінші әріппен алмастырып (онда-онға, күзет-күжет т. с. с.) оқиды.

Мұндай кемшіліктерді мұғалім алдын ала есепке алып, түзету жолдарын ойластырады. Тәжірибелі мұғалімдер оқушыларды дұрыс оқуға үйрету үшін мынадай жұмыстар ұйымдастырады:

1. Оқушыны кітап оқуға жаттықтырып, дағдыландырады. Мұндай жаттықтыру жұмысының түрлері әр қилы. Бірде оқулықтың өзінен әр оқушыға арнаулы тапсырмалар береді; екінші бір жағдайда карточкалар жасап, соларды әрқайсысына оқытып дағдыландырады; енді бірде дидактикалық материалдар пайдаланады т. б.

2. Осындай жұмыстарды орындау үйге де тапсырылады.

3. Қате оқыған сөздерді буынға бөліп оқытады немесе тақтаға буындап жазып көрсетіп, дұрыс оқуды талап етеді, ол сөзге талдау жасайды, кеспе әліппеден құрастырады т. б.

4. Қате оқыған сөздерді қайта оқыттырады.

5. Қате оқыған жерін сыныпта тыңдап отырған оқушыларға түзетіреді.

6. Жаңылтпаштар айтқызып жаттықтырады.

7. Указканы қолданады. Бұл зейіндері тұрақсыз не месе көздері нашар керетін оқушылар үшін пайдалы және оқып отырған сөздерінің кітап бетінің қай жерінде екеніне бағыт береді, сөзді дұрыс оқуға көмектеседі.

8. Орфоэпия заңын басшылыққа алып отырады. Басқа тілдердегі сияқты, қазақ тілінде де орфографиялық және орфоэпиялық заңдар бар. Ол заңдар оқушыларды дұрыс сөйлету мен дұрыс оқытуда басшылыққа алынады. Ал оқушыларға жаңа сөздердік мағына-сын түсіндіру үшін, сөздерді тақтаға жазып көрсету қажет

болғанда, олар тек орфография ережесіне сай жазылады. Мысалы, *ақ ешкі*. Мұндай сөздерді оқығанда *ағешкі* деп айту керек екенін ескертіп, мұғалім балаларды солай (ағешкі) оқытып үйретеді. Түсініп оқу дегеніміз оқушының оқыған мәтіннің мазмұнын анық, терең ұғынуы болып табылады. Бұл әр сөздің, сөйлемнің мағынасына түсінуден, әр бөлімді логикалық, психологиялық байланыстырудан келіп шығады. Оқығанын толық түсіну балалардың мәтіндегі басты ойды айыра алуларынан, оның мазмұнына өзінің көзқарасын білдіруінен көрінеді.

Түсініп оқуда балалардың назары шығарманың идеалық мазмұнына аударылады. Түсініп оқу барысында оқушыларда елес, ұғым, бейне, жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оқуды жүзеге асыруда алғашқы кезде балаларға жеңіл, өздері түсіне алатын, сюжетті мәтіндер оқытылады.

Оқушыларды түсініп оқуға дағдыландырудың бір жолы алдын ала дайындық әңгіме өткізу болып табылады. Сондай-ақ мәтін оқылмас бұрын бақылау, экскурсия жасау, тәжірибе жасау жұмыстары да түсініп оқуға жәрдем етеді. Түсініп оқуда қорытынды әңгіменің де тигізетін пайдасы мол.

Шығарманың идеялық мәні мен мазмұнын оқушыларға ұғындыру үшін сөздік жұмысын жүргізудің көп көмегі бар.

Сөйтіп, оқушыларға оқу техникасын игерумен бірге білім, тәрбие беру, олардың жеке басын қалыптастыру, дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру мақсаты оқығанды саналы түсінгенде ғана нәтиже бермек.

Шапшаң оқу дегеніміз — мәтіндегі сөздерді қалай болса солай бастырмалатып немесе сөздердің ара жігін айырмай оқу емес. Бұл — оқығанды түсінетіндей қалыптағы шапшаңдықпен оқу. Мәтінді тым баяу оқыған оқушы мәтіннің мазмұнына түсінбек түгіл, бір сөйлемнің өзінде не айтылғанын да аңғара алмай қалады. Сондықтан мәтінді шапшаң оқу талабы да маңызды болып табылады. Шапшаң оқу барысында әр оқушының оқу қарқыны әр түрлі, осыған орай, олардың бір минутта оқитын сөздерінің саны да азды-көпті болып келеді.

Шапшаң оқу, дұрыс оқу, түсініп оқу бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс, түсініп, белгілі бір қарқынмен оқығанда ғана шапшаң оқу талабы орындалды деуге болады.

Шапшаң оқуға жаттықтыру жұмысы барлық сабақтарда да іскес асырылып отырылады. Дегенмен шапшаң оқу дағдыларын бекіту үшін арнаулы уақыт беру қажет. Мұндай арнаулы жұмыстың түрлерінен мыналарды атауға болады:

Көз бен кітаптың арасындағы қашықтықты дұрыс сақтау; мәтінді алдын ала іштей оқып шығу; шамамен қандай жылдамдықпен оқылуы тиіс екенін мұғалімнің өзі оқып көрсетуі; сыныпта барлық оқушыға бір мәтін беріп, оны командамен бір мезгілде бастап оқытып, бір мезгілде аяқтату (әркім келген жерін белгілейді. Әр оқушының неше сөз оқығанын мұғалім өзі жүріп есептейді).

Шапшаң оқуға дағдыландырудың тағы бір түрі — сыныпта дауыстап оқыту. Мұндай жұмысты орындатқанда мұғалім оқушыларды тақтаға біртіндеп шығарып, әрқайсысына тапсырма береді де, дауыстап оқытады (кейде әрқайсысына әр түрлі мәтін, кейде бір түрлі мәтіннің өзін беруге болады).

Шапшаң оқуға оқушыларды жүйелі түрде күнбе-күн оқыту арқылы ғана дағдыландыруға болады. Шапшаң оқу оқушылардың сөйлеу мүшелерінің жетілуіне де байланысты. Мұғалім әр баланың сөйлеу мүшелерінің қалай жетілгенін байқау үшін оқушыларға мәтінді хормен де, жеке-жеке де оқытып көреді. Айтылуы қиын жаңылтпаштарды қайта-қайта айтқызып жаттықтыру әрі дұрыс оқуға, әрі шапшаң оқуға септігін тигізеді.

Мәнерлеп оқу дегеніміз — дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екінін дұрыс қоя білу, ақырында оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл-күйін сезіне оқи білу.

Оқушылар сөйлемдегі сөздердің мәнін (әсіресе, омоним сөздер), шығарманың көркемдігін және оның әсерлілігін мәнерлеп оқу арқылы байқайды.

Мәнерлеп оқу үшін әр сөздегі ойдың ара жігін ескере отырып, дауысты құбылтып, тиісті жағдайда сөздерге реңк беріп оқиды.

Мұғалім көбінесе өзі мәнерлеп оқу арқылы оны оқушыларға үйрете алады. Мәнерлеп оқуды радио мен телевизорды, магнитофонды кең пайдалану арқылы да үйретуге болады.

Мәнерлеп оқуды үйрету үшін әр мұғалім оқу сабағына немқұрайлы қарамай, жан-жақты дайындалуы керек. Ол үшін мұғалім қандай мәселені жете білуге тиіс? Мәнерлеп оқуды дұрыс ұйымдастыру үшін, оқушы сөйлемді немесе мәтінді оқығанда, қалай дем ала білу керек, дауыс қалай шығуға тиіс, дикцияның қандай болуы қажет — осының барлығын мұғалімнің өзі айқын білгені жөн. Өйткені мәнерлеп оқу үшін кеуде қуысына толған ауаны орынды пайдаланып, дұрыс дем ала білудің мәні зор. Өкпедегі ауаны сарықпай, оқу процесінде үнемі дем алып, ауаны керегінше жұтып отырған оқушы мәнерлеп дұрыс оқи алуына жағдайы бар.

Мәнерлеп оқу дауыстың өзіне де қатысты. Дауыс неғұрлым таза, күшті шықса оқу да мәнерлі болады. Ол үшін әр оқушы даусын күте білуі қажет. Дауыс желбезегіне онша күш келтірмеу. Суық күндерде далада азырақ сөйлеу, суыққа шалдықпау – дауыс күші мен оның тазалығын, үнін сақтаудың басты шарты.

Дауыстың өзіндік белгілері бар. Олар: күші, жоғарылығы, қарқыны, тембрі. Сөйлегенде адам бірде жылдам, бірде баяу сөйлейді. Бұлар әр адамның дауыс қарқынына байланысты. Мұғалім жаттығу арқылы өз даусының орташа қарқынын анықтай алады. Ол жылдам сөйлеуден аулақ болғаны жөн. Егер жай сөйлей алмайтын болса, жаттығуы қажет.

Дауыстың тыңдаушыға әсерлі болуы тембріне байланысты. Құбылта оқу, дауыс ырғағына келтіре оқу да жаттықтыру арқылы қалыптасады. Мәнерлеп оқуда дикцияның мәні зор. Сөйлеушінің ашық, анық, айқын айтуы оның айтқанын ұғуға, әсерлі болуына ықпалын тигізеді. Дикциясында ақау болса, оны арнаулы жаттығулар арқылы түзету қажет. Дикциядағы кемшілік – сөйлеу мүшелеріне дұрыс жұмыс істете алмаудың салдары.

Мәнерлеп оқуда зор роль атқаратын – интонация. Интонация – сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: сөз бен ой екпіні, сөйлеудің қарқыны, ритмі, пауза, сазы.

Интонация жайында анығырақ түсінік беру үшін, оның кейбір элементтеріне арнайы тоқталайық.

Сөз екпіні және ой екпіні. Сөз екпіні – фразалық екпін, ал ой екпіні – логикалық екпін. Сөйлемді айтқанда я оқығанда, оның ішіндегі сөздер интонация мен мағынасына, айтылу ырғағына қарай, өзара топ-топқа бөлінеді. Ол топ *синтагма* деп аталады. Синтагмада бір я одан да көп сөздер болады. Әр синтагмада бір сөз көтеріңкі дауыспен ерекшелене айтылады. Міне, соны екпін түскен сөз дейміз.

Сөз екпіні түскен сөздер ой екпіні түскен сөздерден көп төмен айтылады. Кейде оларға екпін түсіп тұрғаны сезілмейтін кездері де болады. Бұдан шығатын қорытынды – екпін түскен сөздердің бәрін көтеріңкі дауыспен айта бермеу керек. Тек ой екпіні түскен сөзді ғана даралай айтуға болады.

Пауза сөйлеуді сөйлемге, сөйлемді синтагмаға, синтагманы сөзге ажыратып, ара жігін көрсету үшін қолданылады. Сонымен қатар пауза сөздердің басын біріктіріп, бір синтагма жасай да алады. Паузаны сақтамау оқып отырған мәтіннің мазмұнын дұрыс түсінбеуге әкеліп соғады. Мысалы, «Ол үй емес» деген сөйлемді паузасыз айтсақ, айтып тұрғаным басқа үй деген ұғымды білдіреді, яғни *ол* сөзі сөйлемде *үй* сөзіне анықтауыш ретінде қолданылады. Ал сол сөйлемде ол сөзінен кейін пауза жасасақ, онда айтып тұрғаным үй емес, қора немесе басқа бірдеме дегенді білдіреді. Мұнда «ол» бастауыш қызметін атқарады.

Көркем шығарманы мәнерлеп оқу үшін, онымен алдын ала танысып, сонан соң оқығанда ғана автордың идеясын жеткізе оқып шығуға болады. Көркем шығармада

адам психологиясы жан-жақты суреттеледі. Оны өз мәнінде тыңдаушысына жеткізу үшін, мұғалім оқитын мәтіндегі қай сөздің, сөйлемнің қандай мағынаны, қандай көңіл күйді білдіретінімен алдын ала таныс болуға тиіс.

Міне, осы сияқты жәйттерге көңіл бөліп, дайындық жұмысын жүргізген мұғалімдер ғана оқушыларды мәнерлеп оқуға үйрете алады.

Дәріс 9. Мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстар

1. Мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындау.
2. Мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу.
3. Шығарманы оқу.
4. Әңгіменің жоспарын жасау.
5. Оқыған шығарманың мазмұнын айту.

1. Мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындау.

Оқушылар оқыған материалдарының мазмұнын дұрыс қабылдап ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін, оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар оқылатын материалдардың сипатына, оқушылардың жасына, дайындықтарына, білімі мен дағдылану дәрежесіне байланысты іріктеледі, Оқушылар мәтінді дұрыс қабылдау үшін негізінен мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1. Мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындау.
 2. Мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу.
 3. Шығарманы оқу.
 4. Әңгіменің жоспарын жасау.
 5. Оқыған шығарманың мазмұнын айту.
6. Шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар.

Мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындау.

Көркем шығарма жазушының сөзі арқылы жасаған көркем бейнесі, картинасы арқылы қабылданады. Шығарманы оқыған кезде оқушыда елес (адамдардың портреті, табиғат картинасы т. б.) туады. Бұл оқушының сезімін де қозғайды. Балалар қояннан қорыққан қасқыр туралы оқығанда күледі. Бомба түсіп: «— Ей, тілсіз жануарлар. Мені, де, сені де балапанынан айырған американдық қарақшылар . . .» деген сөздерді оқығанда, көздеріне жас келеді. Осы ішкі көрініс айқындала түсу үшін, оқушының санасында осы бейне анық жасалу үшін шығарманы оқымас бұрын оқушылармен алдын ала дайындық жұмысы жүргізіледі. Бұл көбіне әңгіме түрінде ұйымдастырылады. Дайындық әңгіме оқығалы тұрған шығармадағы оқиғаға ұқсас, балалардың өз өмірінде болған оқиғаларды еске түсіру сияқты тәсілдермен өткізіледі.

Мәтінге байланысты ұйымдастырылатын сөздік жұмысы. Оқу сабақтарында сөздік жұмысына әдейі кезең бөлінбейді. Алайда сөздік жұмысы сабақтың өн бойынан орын алады. Мәтінді дұрыс қабылдау үшін сөздік жұмысын жүргізбейінше мақсатқа жету мүмкін емес. Мысалы, бірқатар оқушылар *вокзал, перрон, метро, эскалатор* т.с.с. сөздерді түсіндірмесе, ішінде осы сөздер кездесетін мақалаларды дұрыс қабылдай алмайды, оларда елес тумайды. Оқу барысында түсініксіз сөздер ғана емес, сондай-ақ сөз тіркестері де кездеседі (Мысалы, әдісіңе ақылыңды жолдас ет т. б.). Сондықтан оқылатын шығармаларда кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру жұмысы мәтінді дұрыс қабылдау шартының бірі болып табылады.

Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру үш кезеңде жүргізіледі:

- 1) мәтінді оқуға дайындық кезінде;
- 2) шығарманы оқу барысында;
- 3) оқып болғаннан кейін.

Мәтінді оқуға дайындық кезінде шығарманың мазмұнын ұғынуға қиындық келтіретін сөздер түсіндіріледі. Бұл жөнінде жоғарыда айтылды. Мұнда тағы бір ескеретін жай: шығарманы оқымас бұрын онда кездесетін, мағынасы ауырлық келтіреді-ау деп ойға алған сөздердің барлығын тізіп алып, шетінен түсіндіре беру керек деген ой тумасқа тиіс. Кейбір сөздердің мағынасы контекстке қарай өзінен-өзі түсінікті болатынын ескеру қажет және оқымас бұрын көп сөздер мен ұғымдарды түсіндіре бергенімен, ұмытылып қалады да, оған қайта оралу керек болады.

Мәтінді дұрыс қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстың үшінші түрі — шығарманы оқу. Мұнда көпшілік мұғалім шығарманың мазмұны күрделі, көлемі ұзақ болмаса, оны әуелі өзі дауыстап оқып шығады. Осыған орай, шығарманы алдымен тұтас оқыған дұрыс па, әлде бөліп-бөліп оқыған дұрыс па деген сұрақ туады. Шығарма бірінші рет оқылғанда оқушылар ондағы кейіпкерлердің істерімен танысуға тиіс. Егер бөлініп оқылса, балаларға оның мазмұнын түсіну оңай болмайды. Сондықтан шығарма алғаш рет тұтас оқылғаны жақсы. Шығарманың мазмұнын бір оқығанда-ақ тыңдаушылардың көкейіне қондырып, санасына жеткізу үшін, ол нақышына келтіріле, мәнерлеп оқылуға тиіс. Сондықтан оны әуелі мұғалімнің өзі оқиды немесе оқу техникасын меңгерген, мәнерлеп, дұрыс оқи алатын балаға оқытады. Бірақ әсіресе ырғағы қиын немесе жолдары ұзақ, бала демі жетіңкіремейтін өлеңдер, көркем фразалар мен сөз өрнектері кездесетін шығармаларды мұғалімнің өзі оқығаны жөн. Мысалы, В. Маяковскийдің «Кім болам?» өлеңін талапқа сай, әсерлі де асқақты үнмен оқып беру балаларға оңайға түспейді. Кейбір оқуға жеңіл қысқа үзінділер мен мақала стилімен жазылған шағын әңгімелерді шамалылау оқитын оқушыларға оқытуға болады. Ондай материалдарды оқу арқылы балалар оқу дағдысына төселеді, келе-келе мәнерлеп оқитын болады.

Шығармаға жоспар жасау. Жоспар шығарманың мазмұнын көрсететін уақиғалардың жүйесін білдіреді. Жоспар жасау жұмысы екі түрлі жолмен іске асады:

- 1) әңгімені бөлімге бөлу;
- 2) бөлімдерге ат қою, оны тәртіптеп жазу.

Оқушылар әңгімені бөлімдерге бөлу үшін, ондағы басты ойды және қосымша мәселелерді анықтайды.

Жоспар жасау шығарманың мазмұнын толық та терең түсінуге мүмкіндік береді. Бөлімдерге бөлу процесі шығарманы бір рет тұтас оқып шыққаннан кейін, қайталап оқу кезінде іске асады. Жоспар кейде қорытынды әңгіме кезінде жасалады, кейде оны жасап келуді үйге тапсыруға болады.

Кез келген шығармаға жоспар жасай берудің қажеті жоқ. Бастауыш сыныпта жоспардың жай түрі ғана үйретіледі. Мысалы, II сыныптағы «Еңбек мені қуанышқа бөледі» әңгімесіне мынадай жоспар жасауға болады: 1. Қуаныш. 2. Шәкірт. 3. Алғашқы кездегі қиыншылықтар. 4. Анна апай. 5. Машинаны жеке басқару. 6. Озаттар қатарында.

Шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар. Бұл жұмыстар, біріншіден, оқылған материалды тереңірек меңгеруге мүмкіндік туғызса, екіншіден, балаларды өз беттерімен ойланып жұмыс істетуге талаптандырады. Бастауыш сыныпта ұйымдастыруға болатын шығармашылық жұмыстың негізгілері:

а) Шығарманың баяндалу түрін өзгертіп әңгімелеу. Мұнда әңгіменің баяндалу түрі аз-кем өзгертіледі. Мысалы, әңгіме I жақпен баяндалған болса, III жаққа айналдырып, керісінше де әңгімелеуге болады.

а) Оқылған шығарманың мазмұнын толық өзгертіп әңгімелеу. Жұмыстың бұл түрін үйден орындап келуге тапсыруға болады. Мұнда оқушылар әңгімедегі оқиғаға ұқсас өз бастарынан өткен оқиғаны немесе өзі қатысқан не көрген оқиғалары жөнінде өз жандарынан әңгіме құрастырып айтады. Мысалы, «ИЛ-18» әңгімесін оқығаннан кейін, балалар өздерінің немесе аға, апаларының самолетке отырып ұшқандары туралы әңгімелеуіне болады. Сондай-ақ Б.Полевойдың «Елдің ері» әңгімесін оқығанда, әкелері мен аталарының соғыста көрсеткен ерліктірі жайлы, ал

Ә.Тәжібаевтың «Жерге деген құштарлық» әңгімесін оқыған кезде егістікте немесе жұмыстың басқа да салаларында жан аямай еңбек етіп жүрген ата-аналары мен туған-туыстары жөнінде мақтанышпен әңгімелеп берулеріне де толық мүмкіндік бар.

Жұмыстың бұл түрі де оқылған шығарманың мазмұнын балалар толық та саналы меңгерген кезде ғана ұйымдастырылады. Мұндай жұмыс балаларды өз беттерімен ойлануға, ізденуге және шығармадағы жүйені пайдалана отырып, өздіктерінен әңгіме қарастыруға, оны құрастыру барысында талай сөздерді еске түсіріп, ішінен қажеттілерін таңдап алуға үйретеді.

б) Оқылған шығарманың мазмұнын аз-кем өзгертіп әңгімелеу. Мұнда оқушылар оқылған шығарманың аяғын өз ойынан шығарып, әрі қарай жалғастырады немесе ондағы оқиғаның арасына өз жанынан әңгіме қосып айтады. Бірақ мұнда да шығарманың сипатын ескеру керек, өйткені кез қелген шығарманы жалғастырып әкетуге де, сондай-ақ ойға қелген оқиғаны қоса салуға да болмайды. Шығарманың арасына қосылған әңгіме оның мазмұнымен қабысып қететіндей болғаны жөн. Сабақ кезінде сұрақ-жауап арқылы соған бағыттайды. Мысалы, «Бала батыр» әңгімесінің «Қастандық» бөлімін оқығанда Болатбек таң сәриден шошқа қораға келгенде, бұрын бөлек қамалатын қабандардың мегежіндермен бірге жүргенін көреді. Әңгімедегі оқиғаның барысына қарағанда, мұны қастандықпен торайларды шайнап, талап, өлтіріп тастасын деп, бұрынғы байлардың бірі — Ефимнің әдейі істегені белгілі. Бірақ оның бұл істі қалай жасағаны әңгімеде айтылмаған. Мұны ойдан шығарып қосуға болады.

Дәріс 10. Көркем шығармалардың кейбір түрлерін оқыту

1. Ертегілерді оқыту жолдары.
2. Жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді оқыту.
3. Мысалдарды оқыту.
4. Ғылыми мақалалар мен очерктерді оқыту.

1. Бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасы көркем әдеби шығармаларды қамтыған. Әдеби шығарма, түрлі бейнелер, олардың іс-әрекеті арқылы өмірді түсінуге көмектеседі. Жазушының идеясы, көңіл-күйі шығарманың мазмұны арқылы оқушыға беріледі, сөйтіп оларда алуан түрлі сезім, ой туғызады, дүниеге көзқарасын қалыптастырады.

Көркем әдеби шығармалардың мұндай ерекшеліктері бастауыш сыныптарда олардың өзіндік әдістемесін қажет етеді.

Ертегілерді оқыту. Халық әділеттілік пен адамгершілікті, ақылдылық пен батырлықты ертеден-ақ өте жоғары бағалап, әңгімеге, ән-жырға арқау етіп отырған. Халықтың ауыздан-ауызға тарап, бізге жеткен ертегі, аңыз әңгімелерінің барлығында да ақылдылық пен ақымақтық, арамзалық пен адалдық, жақсылық пен жауыздық қатар көрсетіледі.

Ертегілердің тәрбиелік маңызы орасан зор. Ертегілерді оқу арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, қайырымдылық адалдық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Ертегінің тілі түсінікті, қанатты сөздер мен бейнелі тіркестерге бай болып келеді. К.Д.Ушинскийдің сөзімен айтқанда, ертегі оқушыны халық қазынасына ендіреді, халық рухымен араластырады. Ертегілерді оқуда мыналар ескерілу қажет:

1. Ертегіні оқу барысында «бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді» деудің қажеті жоқ, балықтың, Жан-жануарлардың сөйлемейтінін балалардың өздері де біледі, бірақ ертегіде кездесетіндерді қиялдау оларды көңілдендіреді, армандауға үйретеді.

2. Оқушыларды кейіпкерлерге қарапайым мінездеме беруге үйретуде ертегілердің пайдасы мол. Ертегі кейіпкерлеріне берілетін мінездеме әдетте бір-екі айқын белгілерді көрсетіп, анық түсінікті болып келеді.

3. Қара сөзбен жазылған ертегілер мәтінге жақын үлгімен мазмұндалады. Кейде

ертегіні оқымай-ақ, мұғалім оның, мазмұнын қызықты етіп айтып береді. Егер артистердің орындауындағы фонохрестоматияны пайдаланса, тіпті жақсы.

Ертегі балаларды жоспар жасауға үйрету үшін де өте қолайлы. Оны бөлімдерге белу, ат қою, қандай суреттер салуға болатынын анықтау т. б. осындай жұмыстарды II—III сынып оқушылары орындай алады. Ал IV сыныпта ертегіге өз беттерімен жоспар жасау тапсырылады.

4. Жануарлар туралы ертегілерді оқығанда дайындықтың онша керегі жоқ.

5. Кейбір ертегілерді пьесаға айналдырып, қуыршақ жасатып, сыныптан тыс сабақтарда балаларға орындатуға болады.

6. Ертегінің композициялық ерекшеліктеріне қарапайым түрде бақылау жүргізіп үйрету керек.

Ертегілерді балалар қызыға оқиды, олардың мазмұнын, бір оқығанда-ақ игереді. Сондықтан бірқатар ертегілерді оқығанда жалпы идеясын ғана әңгімелеп, мазмұнын үйден оқуға тапсыруға да болады.

Жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді оқу. Оқулықтарда жұмбақ, мақал-мәтелдердің көпшілігі мәтіндердің аяғында беріледі, сонымен қатар бастауыш мектепке арналған жұмбақ, мақал-мәтелдер жинағы жоқ болғандықтан авторлар оқушылардың тілін ұштаудағы бұл материалдардың орасан зор маңызын еске алып, оқулықтарға бірсыпыра жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар енгізген. Бұл материалдар бір мезгілде бір кезеңде ғана оқылмайды. Мұғалім қандай да болмасын, бір мәтінмен жұмыс жасау барысында ол жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің ішінен өтіп отырған материалының мазмұнына сай келетіндерін іріктеп пайдаланады. Немесе олардың кейбіреулерін үйге оқуға не жаттауға тапсырады. Мысалы, «Елдің ері» әңгімесін оқығаннан кейін, оқулықтағы мақал-мәтелдердің ішінен: «Ерлік білектен емес, жүректен», «Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы», «Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады». Немесе И.Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын оқығанда «Өзі айлакер, өзі бір қу, жүрген жері бір айқай-шу» жұмбағын жаттатып, оның мәнісін түсіндіре кетудің яғни оның жүрген жері неге айқай-шу болатынын сұрап, анықтай отырудың артықтығы жоқ.

Мақал-мәтелдер мен жұмбақ, бір жағынан, балалардың өмірге көзқарасын кеңейтсе, екінші жағынан, сөздік қорын байытады.

К.Д.Ушинский бастауыш мектеп балаларына мақал-мәтел үйретудің пайдасын айта келіп, оның, қысқа да дәл және халықтың тамаша байырғы тілімен қандай да болмасын табиғат немесе адам тұрмысының шындық құбылысын сипаттайтынын көрсетеді.

Мақал-мәтелдер және жұмбақтар бойынша жұмыстар жүргізу үшін, кейде сиректеу болса да, жеке сабақ арнауың да пайдасы мол. Мұндай сабақ ұйымдастыруда оларды белгілі бір тақырыпқа арнап, іріктеп, топтап алады.

Мақал-мәтелдер — тәрбиелік мәні күшті, балаларды жақсылыққа баулып, жамандықтан аулақ болуға үгіттейтін өнегелі сөз. Сондықтан әр мақалдың мағынасы талданып, соған қарай белгілі бір қорытынды жасалады.

Жұмбақтар бойынша жұмыс, негізінен, оның шешуін табу бағытында жүргізіледі. Ол үшін нәрселерді, құбылыстарды жұмбақтап айтылған белгілеріне қарай, іздестіру жолымен табу әдісі ұсынылады. Мұндай жағдай-да жұмбақталған нәрсенің жалпы қай салаға жататыны, қандай бағытта ізделінетіні айтылады. Мысалы, «іздесем, ізі жоқ, бауыздасам, қаны жоқ» жұмбағын шешу керек делік. Бұл нәрсені өзеннен, көлден іздеу керектігі, оның суда болатыны ескертіледі. Мұндай бағыт берілмеген жағдайда балаларға қиындық түседі.

Ал жұмбақтың құрамындағы метафоралық бейне сол жұмбақталған нәрсені іздестіріп табу барысында өз-өзінен ашылады. Мысалы, жоғарыда айтылған жұмбақты шешу барысында өзен, көлде болатын нәрселер іздестірілді. Балалар бірден суда болатын балық, бақа-шаян сияқтыларды айтады. Олардың ізі болмағанымен қаны болатыны, ал біздің жұмбағымыздағы нәрсенің қаны да, ізі де жоқтығы айтылады.

Жұмбақтың шешуі табылғаннан кейін, сұрақ-жауап арқылы метафоралық бейне ашылады. Жұмбақта қандай із жөнінде айтылады? Мұндағы бауыздау сөзінің мағынасын қалай түсінуге болады? (қайықтың тұмсығымен су толқынын кесуі) т.с.с. немесе «Аяғы біреу, қолы жоқ, шиыр-шиыр жолы көп» жұмбағының құрамындағы сөздердің де әуелі тура мағынасы талданады: кез келген нәрсенің салған ізінің сөйлей алмайтындығы, салған іздің сөйлеуі дегеннің не екені сұралады. Осы арқылы бұл жұмбақталып отырғанды оқу құралдарының төңірегінен іздестіру керектігі айтылып, олардың ішінде қозғалатын, жүретін қандай нәрселердің бар екені ойластырылады. Егер балалар оны таба алмайтындай болса «Оқу құралдарының ішінде қайсыларында жол бар?» деген сияқты сұрақ арқылы дәптер мен кітапта жол болатыны анықталады. Сонан соң дәптердегі сызық жолдың сөйлей алмайтыны, сөйлейтін жол — жазу екені, жазу жолын қалам, қарындаш салатыны айқындалады. Жұмбақталған қарындаштың белгілерін балалар өздері табады. Жұмбақтағы «салған ізі» дегеннің жазған жазу екенін де айтады. Осы сияқты, екі-үш жұмбақтың шешуі талданып көрсетілгеннен кейін, балалар өздері де заттың белгілерін жұмбақтап айтуға тырысады.

Мысалдарды оқыту. Әдеби шығармалардың басқа түрлерінен мысалдың мынадай өзгешеліктері бар:

а) аллегориямен айтылатыны.

ә) мысалда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мән болатыны.

б) оның оқылу ерекшелігі. Осыдан келіп, мынадай әдістемелік сұрақ туады: мысалдағы аллегорияны ашу керек пе, жоқ па? Мұндай сұраққа жауап беру үшін, мысалдың сипатын, мазмұнын, оны балалардың қалай қабылдайтынын байқап қараған дұрыс.

Бастауыш сынып оқушылары мысалды оқығанда суреттелген оқиғаның тартымдылығына қызығады, оны шындық деп қабылдайды. Сондықтан мысалды оқып шығысымен, автордың ондағы суреттеп отырған жан-жануарлары кімдердің бейнесі, оны кім деп түсінесіңдер? дегендей, сұрақ қою қателік болар еді. Өйткені жұмысты мұндай әдіспен жүргізу — оқушылардың мысалды оқығанда алған әсерін жояды. Сондықтан балалардың одан алған әсерлері әлсіремей, қайта күшейе түсетіндей, мысалдағы кейіпкерлердің іс-әрекетін тереңірек ұғына түсуіне жағдай жасайтын әдіс-тәсілдер қарастырылады. Ол үшін алдымен мысалдағы суреттелген оқиғаны, қатысушы кейіпкерлерді шындық, өмірде болатындай етіп түсіндіру керек. Ал мысалда суреттелгендер балаларға шындық, болмыс жөнінде қате түсінік береді, өйткені қарға, түлкі сөйлемейді ғой деген сияқтылардан қауіптенудің қажеті жоқ. Олардың сөйлемейтінін балалардың өздері де жақсы біледі, сонда да оны шындық сияқты қабылдайды. Мысалы, балалар тіпті IV сыныптың өзінде де қылыштасу, атысу ойындарын шындық сияқты ойнайды. Олар таяқтың қылыш, найза еместігін әрине жақсы біледі, бірақ өздерінше шын найза, қылыш деп есептейді. Немесе қыз балалардың кейбіреулері әлі де қуыршақпен ойнайды, оның сөйлемейтінін біле тұра, шын кісі деп есептеп, онымен сөйлесіп отырады. Сол сияқты мысалдағы оқиғаны да бастауыш сынып оқушылары шын көріп қабылдайды.

Бұл айтылғаннан шығатын қорытынды: мысалдарды оқығанда көңіл қоятын жай — оқушыларға оның мазмұнын қабылдату және ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау.

Мысалдардағы аллегорияны ашу жұмысын IV сыныпта мынадай тәсілмен іске асыруға болады. Мұнда мысалда суреттелген оқиғаға ұқсас оқиға іздестіріледі. Айталық, И. А. Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалы оқылғаннан кейін, біреудің қолындағы нәрсесін алдап алу өмірде кездесе ме дегендей сұрау қою арқылы, ондағы негізгі ойды түсінуге жеңілдік жасалады. Кейбір жағдайда мысалда суреттелген оқиғаға өмірде болатын ұқсас оқиға табу жұмысы мысал оқылмас бұрын, алдын ала дайындық әңгіменің барысында жүргізіледі.

Мысалдың екінші ерекшелігі — онда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мәні бар қорытынды пікір болатындығы. Ол қысқа түрде мәтіннің басында немесе аяғында

беріледі. Мысалы, «Қарға мен түлкі» мысалынан шығатын қорытынды мәтіннің басында берілген:

*Жұрт біледі, күледі,
Сұрқия тілдің жаманын.
Қошеметшілердің амалын,
Сонда да солар қайда жоқ,
Ептеп айтса, ересің,
Артынан өкінсең де пайда жоқ...*

Мысал оқытуда осындай қорытынды пікірді пайдаланып, құрғақ сөзбен «Мұндай жаман мінез-құлықтан, іс-әрекеттен аулақ болу керек» деудің бастауыш сынып оқушыларына әсері шамалы болады. Ондай үгітті тіпті сол оқылып отырған мысалдан үзінді келтіре отырып айтқанда да, кішкене балалардың санасына бірден қона қояды деу қиын. Сондықтан мысал оқытуда онда айтылатын үгітті табуға тырыспай, оның кейіпкерлері мен сол кейіпкерлердің іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы, бір-біріне айтқан сөздеріндегі ой анық ашылуға тиіс. Осыған орай, мысалдан шығатын қорытынды пікірді оның мазмұны талданып болғаннан кейін оқуға болады. Мысал оқытудың үшінші ерекшелігі — оны дауыстап оқу тәсілінде. Мысалдағы айтылатын сөз автордың атынан айтылмай, кейіпкердің атынан баяндалатын болса, сол кейіпкердің басындағы ерекшелігіне қарай, дауыс сазы да құбылып отырады. Мысалы, «Шал мен малайды» еткенде, ол екеуінің сезі немесе «Қарға мен түлкіде» түлкі мен қарғаның сөзі бір ырғақпен оқылмайды. Тіпті бір кейіпкердің сөзін оқу мәнері де оның қылығына қарай түрлене береді. Шалдың: «Бауырым, түгеншежан, айыршы!» дегені жалынышты үнмен оқылса, «Әумесер, ақылың жоқ, ит доңыз» — деген сөздерді жекіру, ұрсу мәнерінде, ал малайдың:

*Ұрғасың неге, шалым, маған, — деді, —
Сөккендей не істедім саған? — деді, —
Жазғаным менің сені аю жаудан
Айырып алғаным ба аман? — деді, —*

сөздері таңырқаған, шарасыздық сезіммен, сұраулық мән беріліп оқылады. «Қарға мен түлкі» мысалында автор сөзі бір әуенмен оқыла келе, түлкінің сөзі басталған кезде дауыс құбылып отырады. Кейіпкерлердің мінез-құлқы мен автордың сөз қолдауына қарай, дауыс ырғағының құбылуы балалардың ынтасын арттырып, мысалдың кейбір жолдарын бір-екі оқығанда-ақ жаттап алуларына жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, мысалды төмендегідей жолдармен оқытуға болады:

1. Оқылатын мысал жөнінде мұғалім алдын ала әңгіме өткізеді; онда балаларға түсінігі ауырлық келтіретін сөздердің (сол мысалдың ішінде кездесетін) кейбіреулерін кірістіре отырып, олардың мағыналарын аша кетеді.
2. Мұғалім мысалды әуелі нақышына келтіре, өзі оқиды, сонан кейін оқушыларға оқытады.
3. Мысалдың мазмұны талданылады.

К. Д. Ушинский ғылыми мақалаларды логикалық оқу деп атады. Бұл өте дұрыс. Өйткені ғылыми мақалалар көркем шығармалардай, бірден оқушының сезіміне әсер етіп, кейіпкерлердің іс-әрекетімен балаларды еріксіз ідіктіріп әкетпейді, зейінді, ерік күшін талап етеді.

Мақалаларда немесе очерктерде әдетте мүлде жаңа фактілер беріледі, сондықтан оқуға кіріспес бұрын міндетті түрде дайындық жұмысы керек. Мұнда бірде біз балаларды мақалалардан жаңа ұғым алуға дайындаймыз, яғни оқуға деген қызығушылық сезімі туып, мақаланы қабылдауға балалар толық дайындалады. Екіншіде балаларды мақаланы қабылдауға ғана дайындап қоймаймыз, дайындық кезінің өзінде білім береміз.

Дайындық жұмысынан кейін мәтін оқылады. Егер мәтін қысқа болса, тұтас оқылады, мазмұнын айтуға дайындалады. Оқушылар мәтінді оқығаннан кейін

берілетін сұрауларға жауап қайтарып, тапсырмаларды орындайды. Мұнда қандай сұрауларға жауап беретіндері дайындық кезінде ескертіледі.

Мақала оқылу барысында екі рет талданады. Бірінші оқығанда сөздердің, мағынасы, кейбір фактілер анықталып, бөлімдердегі басты ойды аңғару мәселелері жөнінде жұмыс жүргізілсе, екінші рет оқылғанда фактілердің, арасындағы байланыстарды табу, қорытынды жасау жұмыстары жүргізіледі. Кейбір жағдайларда мақаланың мазмұнын меңгерту үшін үшінші рет оқытуға болады.

Ғылыми мақалаларды оқытуда терминдер мен қорытындыларға ерекше көңіл аударылады. Терминдер, түсінуге ауыр сөздер қайта оқытылады. Дайындық жұмысы кезінде оларға берілген анықтамалар қайталанады, қорытындылар талқыланады, егер қысқа болса, тақтаға жазылады.

Дәріс 11. Оқу сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдар

1. Әдебиеттік оқу сабағында қажетті көрнекі құралдар.
2. Көрнекілік, түрлері.

1. Әдебиеттік оқу сабағында қажетті көрнекі құралдар

Балаларға ана тілін үйретуге көрнекіліктің алатын орны жөнінде К.Д.Ушинский «көрнекілікке үйретуді ана тіліне үйретуден бөлу мүлде қате» деген болатын. Өйткені көрнекілік байқампаздықты, ойлауды дамытады және балалардың бақылағандарын сөзбен дұрыс айтып беруге, одан логикалық қорытындылар шығаруға дағдыландырады.

Оқу сабақтарында көрнекілікті қолдану мүмкіндігі орасан мол: айнала қоршаған дүниені бақылау, экскурсияға шыққанда бақылау, оқушылардың жинаған заттары, жеке және коллекция түріндегі гербарийлер, жануарлардың, құстардың тұлыбы, модельдер, макеттер және панорамалар (оқушылардың өздері дайындайды), кинофильмдер, диафильмдер, түрлі картиналар, портреттер, оқулықтағы суреттер.

Жоғарыда біз сабақтың әр бөлімдеріне байланысты көрнекі құралдардың қалай пайдаланылатынына тоқтатылып отырғанбыз. Сондықтан бұл жерде көрнекі құралды қолданудың жалпы тәсілдерін ғана көрсетеміз:

1. Кинофильмдерге бару, театрдан немесе теледидардан пьесалар көру көркем шығарманы оқудың орнына жүре алмайды. Бұлар кейде көрнекілік ретінде, мәтінді екінші оқығанда немесе оған қорытынды әңгіме жасағанда пайдаланылады. Мысалы, С.Мұқановтың «Шын сырлылар», «Қостағы өмір» әңгімесін оқығанда, қорытындылау кезінде «Ванька» (А.Чехов) диафильмін көрсетуге болады. Көрсетілетін фильмдер материалға тақырыбы жағынан да, мазмұны жағынан да, тығыз байланысып, бір-бірімен қабысып тұруға тиіс.

Фильмдер көбінесе мәтінді оқу алдында көрсетілгені дұрыс. Революционерлер, суретшілер, ғалымдар т.б. портреттері де оқуға дайындық кезінде пайдаланылады.

1. Дайын гербарий мен коллекциялар, сондай-ақ балалардың өздері жинаған заттарды, ғылыми мақалаларды оқуға дайындық кезінде зерттеу нысаны ретінде көрсетіледі. Бұл заттарды шығарманың басқа түрлерін оқу кезінде де пайдалануға болады.

2. Оқу сабақтарының барлығында да қолданылатын көрнекіліктің басты түрі көркем суреттер деуге болады. Бұл дайындық кезде де, оқу барысында да, шығарманы талдау кезінде де, жоспар жасау кезінде де, қорытындыәңгіме жасағанда да көмекші құрал есебінде қызмет атқарады. Алайда, мұнда есте болатын жағдай – көрнекі құралды тым көп қолданып, мәтіннің рөлін төмендетіп алудан сақ болған жөн. Оқушыларда оқу барысында туатын эмоция мен бейнелер балалардың өмір тәжірибесіне қарай, жасы өскен сайын күшейе береді.

Мәнерлеп оқу, сөзбен суреттеу, сондай-ақ басқа да шығармашылық жұмыстар балаларды оқығандарын көрнекіліксіз-ақ саналы түсінуге баулиды.

Сөйтіп, оқу сабақтарында балаларды жан-жақты тәрбиелеу, оларға білім беру т.с.с. міндеттерді іске асыру үшін көрнекі құралдың орасан зор маңызы бар.

Дәріс 12. Сыныптан тыс оқу.

1. Сыныптан тыс оқудың мақсаты мен маңызы.

Сыныптан тыс оқуды белсенді ұйымдастырушы және оны басқарушы да мұғалім болуға тиіс. Сондықтан мұғалім өз оқушыларының кітапқа деген ынтасын үнемі арттырумен бірге, олардың қандай кітап оқуға тиіс екендіктеріне де бағыт беріп отырады. Балалар бастауыш сыныпты бітіргенде, кеңес ақын-жазушыларының белгілі шығармаларымен таныс болулары қажет екенін де үнемі ескертіп отырады.

Сыныптан тыс жұмысын балалар мектепке келген кезден бастаған жөн. Өйткені сауат ашу кезінде оқушылардың ақыл-ойын, тілін дамыту жұмыстары балаларға түрлі түсті суретті кітапшаларды көрсету арқылы дауыстап, мәнерлеп оқи отырып жүргізіледі.

Екінші сыныптан бастап мұғалім балаларға мектеп кітапханасынан алған кітаптарды бере бастайды. Оларға кітапты дұрыс ұстап, күте білудің ережелерін үйретеді: кітаптың сыртын қаптау, оқыған кезде кітап беттерін бүктемеу, кітап беттерін су немесе кір қолмен ұстап парақтамау т.б. Мұғалім бұл ережелерді анық етіп жазып, сыныпқа іліп қояды.

Сыныптан тыс оқу оқушылардың кітапты өздіктерінен оқи алу дағдыларын арттырумен бірге, «Ана тілі» оқулықтарындағы шығармалардың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Балалар оқыған шығармаларындағы негізгі ойды аңғара білуге, сол оқиғаға өзінің қалай қарайтынын айтып, кейіпкерлердің әрекетіне баға бере білуге талаптануы керек.

Сыныптағы оқу сабақтарында оқушылар көркем тілмен жазылған шығармалардан басқа тарих, дүниетану т. б. пәндерінен мағлұмат беретін материалдармен танысады. Осындай сыныпта алған ұғым сыныптан тыс оқу кезінде нығая, жетіле түседі.

Сыныптан тыс оқу сабақтарында мұғалім балалардың қандай кітаптарды оқығандарын біліп отырумен қатар, алдағы уақытта не туралы оқығылары келетінін де есепке алуы қажет.

Бастауыш мектептердегі сыныптан тыс оқудың мазмұны мен ұйымдастыру жолы жөнінде жаңа бағдарламаның жобасында былай делінген: «Сыныптан тыс оқудың мақсаты: баланың сыныптан тыс оқуы арқылы барлық пәннен алған білімін тереңдете түсу, кітаптан өзіне қажетті материалды, кітапханадан керекті кітапты іздеп тауып алуға көмектесу; өз бетімен жұмыс істеу дағдысын нығайта түсу; оқиға, білуге ыетасын, құштарлығын арттыра түсу; баланың эстетикалық және дүние тану құмаорлығын арттыру.

Сыныптан тыс жүргізілетін оқуды ұйымдастырудың ең негізгі қағидасы – оның сыныпта жүргізілетін оқумен тығыз байланысты болуы. Оқушының сыныптан тыс оқитын кітаптары сыныпта өтілетін сабақтардың жалғасы түрінде ұсынылады. Оны мұғалім күнделікті оқу, дүние тану, бейнелеу өнері, еңбекке баулу т.б. сабақтарында және оқу бойынша жүргізілетін қорытынды сабақтарда сұрап, сыныпта оқығандарына байланыстырып отырады...»

Сөйтіп, сыныпта оқу сабағы жақсы ұйымдастырылса, онда көп мәселелер жөнінде әңгімеленсе, балаларды мұғалім осы мәселелер жайында тағы да біле түсуге қызықтыра алса, сыныптан тыс оқу сабағы да нәтижелі өтеді. Оқушыларға қандай кітаптарды оқу керектігі, олардыңтізімі беріледі. Мысалы, сыныпта М.Әлімбаевтың «Ұқыпты бала» және «Ұқыпсыз бала» өлеңдері оқылды делік, оның жалғасы ретінде «Ұқыпты оқушы» өлеңін оқытуға болады. Т.Бигелдиновтың «Қаһарлы күндерде» әңгімесін оқығаннан кейін, сөз жоқ, оқушылар Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған, ұшқыш Т.Бигелдиновтың балалық шағы жөнінде білгілері келеді. Ол үшін мұғалім С. Бақбергеновтың «Талғат» атты кітабынан үзінді беруіне болады.

Сыныпта оқушылар жазушының бір шығармасынан үзінді оқыса, сол шығарманы толықтыра оқу сыныптан тыс оқуда іске асырылады. Кейде белгілі ақын-жазушылармен балаларды толығырақ таныстыра түсу мақсатында оның сыныпта оқылғаннан басқа шығармаларымен сыныптан тыс таныстыруға болады. Мысалы, Ы. Алтынсаринның «Әдептілік» әңгімесін оқығаннан кейін, оның «Баланың айласы»,

«Аурудан аяған күштірек», «Өтіріктің залалы» т. б. әңгімелері сыныптан тыс оқуға беріледі.

Кейбір жекелеген шығармаларды сыныптан тыс оқу сабағында да талдауға болады. Онда талданатын шығармалардың тәрбиелік жағы күшті болуы қажет.

Оқушылардың кітап оқуға қаншалықты ынталы және бейім екендіктерін білу үшін мұғалім олардың әрқайсысымен оқыған кітаптары жөнінде жеке әңгімелеседі; салған суреттерін, жазып алғандарын қарап, — бүкіл деректермен жеке танысады. Кейде кітапханадағы карточкасын қарап көруге де болады. Осындай ыждағатты тексерудің нәтижесінде, балалардың қайсысы қандай тақырыпты жақсы көретіндері байқалады. Кейбір бала ертегілерді, кейбіреулері ерлік жайлы шығармаларды, ал бірсыпырасы қиял-ғажайып ертегілерін т. б. ұнатады.

Осыдан кейін мұғалім балаларды бір жақтылықтан сақтандыру мақсатымен, оларды басқа тақырыптарға қызықтыру жолдарын іздестіреді.

Балаларға сыныптан тыс оқуға арналған тартымды кітаптарды іріктеп немесе жаңадан шығып жатқан шығармалардың ішінен іріктеп ұсынады, әдемі суреттермен безендірілген кітап жаймаларын, түрлі әдеби ойындар ұйымдастырады т. б.

Сыныптан тыс оқылуға тиісті кітаптардың тізімі бір тоқсанға арналып әр тоқсан сайын ұсынылып отырады. Балалардың оқуға ынтасын арттыру мақсатымен мұғалім ұсынып отырған кітаптарының ішінен кейбір оқиғаларды бастап айтып, «одан әрі не болатынын осы кітапты оқып білесіңдер» деп аяқтайды. Кейде кітаптың сыртындағы немесе ішіндегі кейбір әдемі суреттерді көрсету арқылы да қызықтыруға болады. Ал енді бір жағдайларда шығарманың, кітаптың атын, авторын ғана айтып, оның осылайша неге аталғанын білуді тапсыруға болады.

Бастауыш сынып оқушыларын оқуға қызықтыру үшін V—VI сынып оқушыларының да көмегі зор. Өздерінің кішкене бауырларына бұрын оқыған кітаптары, әңгіме, ертегілері жөнінде, өздеріне ұнайтын жазушылар жөнінде әңгімелеп айтып берсе, олар сол кітапты өздері де тауып оқиды.

Оқу жылы аяғында балаларға жазғы демалыс кезінде оқитын кітаптарының тізімі беріледі де, оқу жылының басында сол көрсетілген кітаптардың қайсысын оқыған-оқымағандарын тексереді. Олардың оқыған кітаптары туралы жазғандарын, әсерлерін, пікірлерін, кейбір үзінділерді, кейіпкерлердің аттарын, суреттерін т. б. қарайды, оқытады.

Міне, осындай жұмыстардан кейін қосымша оқуға тиісті кітаптардың тізімі беріледі. Мектептерде ана тілі сабақтарының өтілу жайы мен сыныптан тыс оқудың мазмұнына сай, бастауыш сынып оқушыларымен мынадай жұмыстар орындауға болады:

- 1) Көркем шығармаларды (бір шығарманы немесе тақырыбына қарай топталған бірнеше шығарманы), ертегілерді, мақалаларды талдау.
- 2) Күнделікті баспасөздегі («Балдырған», «Айгөлек», «Ертегілер елінде» журналдары мен «Ұлан» газеті) мақалаларды оқу.
- 3) Кітаппен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру. Көркем шығармаларды талдау үшін сюжетті әңгімелер қолайлы.

Дәріс 13. Оқу сабақтарында оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмысы

1. Әдебиеттік оқу сабағында жүргізілетін өзіндік жұмыс түрлері.

1. Мұғалімнің басшылығымен жүргізілетін оқу сабақтары оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыстарымен ұштастырылып отырады. Балаларды өздіктерінен жұмыс жасауға үйретуде негізінен екі түрлі мақсат көзделеді: 1) кітаппен жұмыс жасауға дағдыландыру, 2) тапсырманы өз беттерімен орындауға үйрету, өз еңбектерінің жемісін көріп, «рахат» сезіміне бөленуге жағдай жасау.

Өздігінен орындалатын жұмыстың негізгі мазмұны оқушылардың ой белсенділігін арттыру.

Мұғалім оқу кітабындағы материалды толық оқып шығып, оның қандай бөлігіне басшылық керек, ал қандай бөлігін балалардың өздіктерінен орындауларына беруге болатынын анықтайды. Өздіктерінен орындайтын тапсырманың түрлерін, оның сабақтағы орнын белгілейді, мақсатын түсіндіреді, орындау барысын тексереді.

Тапсырманы ауызша да беруге болады, бірақ егер жұмыс бірнеше кезеңнен тұратын болса, онда ол жұмыстың орындалу тәртібін көрсетіп, тақтаға жазады.

Балалардың өздігінен орындайтын жұмыстарының түрлері:

1. Кітаптың мазмұнымен (кітаптың ең соңында берілген материалдардың тізімі) таныстыру: оқу кітабында қандай бөлімдер бар? Үй жануарлары туралы не оқығандарыңды кітаптың мазмұнынан белгілендер.

2. Шығарманы балалардың іштерінен оқуы. Әдетте мұнда сұрақтар ойлап табады, белгілі бір оқиғаны суреттейтін үзіндіні табады, мәнерлеп оқуға дайындалады т. б.

3. Жоспар жасау жұмысы: мәтіндерді бөлікке бөлу, қандай суреттер салуға болатынын ойластыру, мәтінді мұғалімнің қойған аттары бойынша бөлу т. б.

4. Тапсырманы өңдеу. Мақаланың, жоспарын жазу, жаңа сөздерді жазу, шығарманың қорытындысын жазу т. б. с. с.

5. Оқушылардың үйден орындайтын жұмыстарына көңіл аудару, үйге мәтіннің мазмұнын қайта оқып шығуды бермей, шығармашылық тапсырма беру керек. Мысалы «... туралы айтылған жерлерді табыңдар, мәтінге қандай сұрақтар қоюға болатынын ойластырыңдар» т. б.

Оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыстарына көңіл бөлу — олардың белсенділігін көтереді.

Дәріс 14. Оқу сабақтарында балалардың дағдыларын, шеберліктерін есепке алу

1. «Әдебиеттік оқу» сабақтарында мұғалім балалардың қаншалықты саналы, дұрыс оқуларын бақылай отырып, анықтай алады. Сыныптан тыс оқығандары бойынша әңгімелесу және өз беттерімен оқыған кітаптарына түсінгендерін айтып беру балалардың оқуға қаншалықты ынталы екендігін, шығарманың идеясы мен мазмұнын қаншалықты терең түсінген-түсінбегендерін көрсетеді. Сонымен бірге оқуы кем балаға дұрыс, саналы және шапшаң оқу дағдысын қалыптастыруға, жетілдіруге уақытында көмектесу үшін, оны жүйелі түрде есепке алып отыру керек. Мұндай есеп әсіресе I, II және III сынып оқушыларына қажет.

Мұғалім дағды мен іскерлікті (шеберлікті) есепке алу үшін бөлек дәптер арнайды. Онда әрбір оқушыға бірнеше жол орын береді де, сыныпта оқыған кезде жіберген кемістіктерін белгілеп қояды.

Бастауыш сынып оқушыларының дағдыларын, шеберліктерін есепке алу үшін, бағдарламалық талаптарға орай, аудандық әдістемелік кабинеттің ұсынған формасы пайдаланылады.

II сыныптан бастап іштен оқуға мұқият көңіл аударылады, іштен шапшаң оқу сағат арқылы тексеріледі: оқудың басталу уақыты белгіленеді, балалар оқып болғанда қол көтереді, мұғалім ең асығыс оқушылар мен ең жай оқитындарды белгілейді.

Саналы оқу ауызша және жазуша тапсырмалар арқылы тексеріледі. Мәтінді асығыстықтан шала түсінген оқушымен арнайы сабақ өткізіледі.

Оқу жылының басында және әр тоқсанның аяғында барлық оқушының дағдылану дәрежесі тексеріледі. Бұл үшін көлемі қысқа жаңа бір беріледі. Оны дауыстап оқыту арқылы мұғалім оқудың дұрыстығын, орфоэпиялық норманы сақтау жөнінде кімнің қалай оқығанын белгілеп отырады. шапшаңдық белгілі бір уақыт мөлшерінде қанша сөз оқығанымен, ал саналылық сұраққа жауап беру сияқты жұмыстармен өлшенеді.

Мәтінді саналы қабылдау арнайы берілетін тапсырмалар арқылы да тексерілуі мүмкін. Хабарлама сипатындағы мәтін үш немесе төртке бөлінеді де, араластырылады. Оқушы оны оқып, әр бөлікті жүйесімен біріктіруі тиіс. Мұны әрі тез, әрі дұрыс орындаған оқушы саналы қабылдауға жақсы дағдыланған болып есептеледі.

Екінші бір жағдайда балалар оқыған мәтіндеріне жоспар жасайды және сол үзіндіге ат қояды. Үзінді бойынша оның бұрын өздері оқыған қандай шығармадан алынғанын айтып беру ұсынылады.

Кейбір оқушылардың оқу кемістіктерін түзету үшін олардың себептерін анықтау қажет. Мұндай кемістіктер әр түрлі болады, мысалы: зейіннің тұрақсыздығынан, зейінін шоғырландыра алмаушылық (мұндай көріністі «мойны жар бермейді» дейді), буындап оқу дағдысының қалыптаспағандығынан (көбіне әріп тастап кету құбылысы), оқушының тіл кемістігі т.б. Мұндай кемістіктерді жою барысында істелетін жұмыстар дұрыс оқу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі, оның қажеттілерін бекіте түседі.

Мәнерлеп оқи алмау саналы оқуға олақтықтан туады, яғни демді дұрыс ала алмау немесе дикция кемістігі. Ал мәтінді шала ұғынудың өзі де түрлі-түрлі жағдайларға байланысты: ақыл-ой дамуының жеткіліксіздігі, сөздік қордың тапшылығы, оқушының ұқыпсыздығы т. б.

Оқушының бойында қалыптасуға тиісті дағды мен шеберлік бағдарлама талабына сәйкес болу үшін мұғалім аталған кемістіктерді жоюға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізеді.

Дәріс 15. Бастауыш сыныптарда оқу сабақтарында жүргізілетін тәрбие жұмыстары

1. Әдебиет пәні арқылы оқушыларға тәрбие беру жолдары.

Мәтінді оқу ондағы басты ойды табу, оның мазмұнын ұғыну көркемдік тіл құралдарын талдау, сауатты түрде оқу шеберліктерін арттырумен қатар адамгершілік нормаларына үйренуге де мүмкіндік жасайды.

Оқу сабақтарында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының түрлерін қысқаша былайша топтап көрсетуге болады:

Оқу кітаптарында адамның қайырымдылығы, оның алуан түрлі көріністері талай-талай жағдаяттарда көзге түсіп отырады. Әр түрлі шығармаларды оқу барысында балаларда қайырымды адам жөнінде елес жасалады. Қайырымдылық дегеннің мәнісіне (қайырымдылық - айналадағы адамдарға, жолдастарына, достарына, туыстарына қамқорлық жасау, қиындыққа кездескендерге көмектесу) түсінеді. Оқулықтардан қайырымдылық жөніндегі материалдарды іріктеп, балалар өз қылықтарымен салыстыратындай жағдай жасалады.

Балаларды еңбекті сүйеге, оны қадірлеуге және өздерінің қолдарынан келетін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға бағыттайтын материалдар оқу кітаптарында мол берілген. Осыған байланысты, олар өздерінің бүкілхалықтық іске қатысқандарына өздері баға беріп, оны саналы түрде сезінулері керек. Мысалы, «Сен көктемде қандай жұмыстарға қатысасың?», «Сендер құстарды қалай қорғайсыңдар?» т. б. с. с. сұраулар арқылы оларды бағыттауға болады. Балалар да өз ісіне жауапкершілік туғызып, еріктің қасиеттері мен күшін жетілдіре түсуге көмектеседі.

Заттар, құбылыстар жөнінде білім берумен қатар, олардың арасындағы өзара сабақтастықты байқауға мүмкіндік жасау, балалардың санасында жанама бейнелердің тууын қамтамасыз етеді, ойлау процесін тәрбиелейді және оның жетіле түсуіне жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, тәрбие жұмысы барлық пәндер бойынша, бір-бірімен ұштастырыла жүргізіледі.

7. Практикалық (семинар)/ зертханалық сабақтарға арналған нұсқаулық.

1 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістемесі.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Әдебиеттік оқу әдістемесінің мақсаты мен міндеттері, мазмұны.
2. Әдебиеттік оқу әдістемесінің жүйелік болмысы және тану жолдары

2 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Жаңартылған білім берудің ерекшеліктері.

Практикалық сабақ мазмұны:

- 1 Жаңа бағдарлама, ерекшелігі.
- 2.Әдебиеттік оқу бағдарламасы, оқу жоспарларын талдаңыз.

3 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Әдебиеттік оқу сабағында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Оқу үрдісін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдерді атаңыз.
2. Қандай әдіс-тәсіл түрлері бар.
3. Әдіс-тәсіл түрлерін пайдаланып, ҚМЖ үлгісін құрыңыз.

4 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау қалай жүзеге асады?
2. Бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журнал.
3. Дескриптор деген не?
4. Кері байланысқа мысалдар келтіріңіздер.
5. Модерация деген не?
6. Рубрика деген не?
7. Рефлексияға мысалдар келтіріңіз.

5 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру жолдары.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Сынып бойынша базалық білім мазмұнына талдау жасаңыз.
2. «Әдебиеттік оқу» бойынша қойылатын нормативтер.

6 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Жаңаша білім беру бағдарламасындағы маңызды үш құжат.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Ұзақ мерзімді жоспарға талдау жасаңыз.
2. Орта мерзімді жоспарға талдау жасаңыз.
3. Қысқа мерзімді жоспарға талдау жасаңыз.

7 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологиялар

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологияларға талдау жасаңыз.
2. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді атаңыз.

8 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Оқудың түрлері.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Оқу және оның түрлері.

9 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін шығармашылық жұмыстар.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу жолдары қандай?
2. Шығарманы оқу қалай жүргізіледі?
3. Әңгіменің жоспарын жасау жолдары.
4. Оқыған шығарманың мазмұнын айтуға мысал.

10 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Көркем шығармалардың кейбір түрлерін оқыту

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Ертегілерді оқыту жолдары.
2. Жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді оқыту.
3. Мысалдарды оқыту.
4. Ғылыми мақалалар мен очерктерді оқыту.

11 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Оқу сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдар.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Әдебиеттік оқу сабағында қажетті көрнекі құралдар.
2. Көрнекілік, түрлері.

12 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Сыныптан тыс оқу.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Сыныптан тыс оқудың маңызы мен мақсаты.

13 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың өздіктерінен орындайтын жұмыстары.

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Әдебиеттік оқу сабағында жүргізілетін өзіндік жұмыс түрлері.

14 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Оқу сабақтарында балалардың дағдыларын, шеберліктерін есепке алу

Практикалық сабақ мазмұны:

1. Әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың саналы, түсініп, шапшаң оқуына қойылатын талаптар.
2. Оқушылардың дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыруды жүзеге асыру.

15 апта:

Практикалық сабақ тақырыбы: Бастауыш сыныптарда оқу сабақтарында жүргізілетін тәрбие жұмыстары

Практикалық сабақ мазмұны

1. Әдебиет пәні арқылы оқушыларға тәрбие беру жолдары.

8. Білім алушының өзіндік жұмысына арналған нұсқаулықтар мен материалдар: үй тапсырмасының мәтіндік жинағы, әр тақырыпқа өзіндік бақылау материалдары, жұмыс түрлерін іске асыру бойынша тапсырмалар, рефераттар және т.б. (үй тапсырмалары орындау мерзімдерімен, бағалау және әдебиеттер және т.б. *(әр тақырып үшін жеке көрсетіледі)*)

8. Аралық бақылау тапсырмалары (1 және 2)

1-7 аптаның аралық бақылау сұрақтары

1. Әдебиеттік оқу әдістемесінің мақсаты мен міндеттері, мазмұны.
2. Әдебиеттік оқу әдістемесінің жүйелік болмысы және тану жолдары
3. Жаңа бағдарлама, ерекшелігі.
4. Әдебиеттік оқу бағдарламасы, оқу жоспарларын талдаңыз.
5. Оқу үрдісін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдерді атаңыз.

6. Қандай әдіс-тәсіл түрлері бар.
7. Әдіс-тәсіл түрлерін пайдаланып, ҚМЖ үлгісін құрыңыз.
8. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау қалай жүзеге асады?
9. Бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журнал.
10. Дескриптор деген не?
11. Кері байланысқа мысалдар келтіріңіздер.
12. Модерация деген не?
13. Рубрика деген не?
14. Рефлексияға мысалдар келтіріңіз.
15. Сынып бойынша базалық білім мазмұнына талдау жасаңыз.
16. «Әдебиеттік оқу» бойынша қойылатын нормативтер.
17. Ұзақ мерзімді жоспарға талдау жасаңыз.
18. Орта мерзімді жоспарға талдау жасаңыз.
19. Қысқа мерзімді жоспарға талдау жасаңыз.
20. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологияларға талдау жасаңыз.
21. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді атаңыз.

8-15 аптаның аралық бақылау сұрақтары

1. Оқу және оның түрлері.
2. Мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу жолдары қандай?
3. Шығарманы оқу қалай жүргізіледі?
4. Әңгіменің жоспарын жасау жолдары.
5. Оқыған шығарманың мазмұнын айтуға мысал.
6. Ертегілерді оқыту жолдары.
7. Жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді оқыту.
8. Мысалдарды оқыту.
9. Ғылыми мақалалар мен очерктерді оқыту.
10. Әдебиеттік оқу сабағында қажетті көрнекі құралдар.
11. Көрнекілік, түрлері.
12. Сыныптан тыс оқудың маңызы мен мақсаты.
13. Әдебиеттік оқу сабағында жүргізілетін өзіндік жұмыс түрлері.
14. Әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың саналы, түсініп, шапшаң оқуына қойылатын талаптар.
15. Оқушылардың дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыруды жүзеге асыру.
16. Әдебиет пәні арқылы оқушыларға тәрбие беру жолдары.

10. Емтиханға дайындалуға арналған сұрақтар мен тапсырмалар

11. Курстық жұмыстар жазу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар (бар болса)

12. Бағалау критерийлері:

<i>Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша пайызбен анықталады.:</i>
$Қ\% = 1Р(30\%) + 2Р(30\%) + E(40\%)$
түсіндірме:
1Р – 1-ші рейтинг бағасының пайыздық көрсеткіші;
2Р – 2-ші рейтинг бағасының пайыздық көрсеткіші;
E – емтихан бағасының пайыздық көрсеткіші.

**БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІНІҢ ҮЛГІСІ
(БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ЖӘНЕ ПӘН МАЗМҰНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН)**

Аудиториялық жұмысты бағалау критерийлері

90-100	Практикалық жұмыс туралы есептердің кем дегенде 90% - ның болуы (жазбаша немесе электронды түрде)
	Оқытушы мен басқа студенттердің сұрақтарына толық және дұрыс жауап бере алуы, арнайы терминологияны білуі, студент материалды қорытындылай алады, өз тұжырымдарын жасай алады, мысалдар келтіре алады, өз пікірін айта алады.
70-89	Практикалық жұмыс туралы есептердің кем дегенде 70% - ның болуы (жазбаша немесе электронды түрде)
	Сабақ барысында студент дұрыс, бірақ толық емес жауап береді, мысалдар келтіруде қиналады, студенттің жалпылама пікірі нақты айтылмайды.
50-69	Практикалық жұмыс туралы есептердің кем дегенде 50% - ның болуы (жазбаша немесе электронды түрде)
	Студент ішінара дұрыс жауаптар береді, иллюстрациялық мысалдар келтірмейді, зерттеліп отырған мәселе бойынша өз пікірін қалыптастыра алмайды, қателіктер жібереді немесе толық жауап бере алмайды.
0-49	Практикалық жұмыстар жөнінде есептің болмауы немесе сапасының төмен болуы.
	Сабақ барысында студент сұрақтарға жауап бермейді немесе оның жауаптарында қателіктер бар.

Өзіндік жұмыс бойынша бағалау критерийлері

90-100	Берілген тапсырмалардың 90% - дан кем емес орындалуы.
	Жұмыстың стандартқа сай рәсімделуі.
	Дәлелді тұжырымдар, олардың дұрыс және толық түсіндірілуі. Студент өзінің көзқарасын дәлелді түрде орындайды. Орындалған жұмысты қорғау кезінде сұрақтарға сенімді және дұрыс жауап береді.
70-89	Берілген тапсырмалардың 70% - дан кем емес орындалуы, жалпы бағыты дұрыс.
	Жұмысты рәсімдеуде аздаған қателіктердің кездесуі.
	Қорытындыларды дұрыс, бірақ толық емес түсіндіру. Қорғау кезінде студент дұрыс, бірақ толық емес жауаптар береді, қорытындылар нақты жеткізілмейді.
50-69	Берілген тапсырмалардың 50% - дан кем емес орындалуы, жалпы бағыты дұрыс бірақ қателіктер бар.
	Жұмысты рәсімдеуде маңызды қателіктердің кездесуі.
	Қорытындыларды толық емес түсіндіреді, жұмысты қорғау кезінде студент әрдайым дұрыс жауап бере бермейді.
0-49	Берілген тапсырмалардың 50% - дан кем орындалуы, жұмыста өрескел қателіктердің кездесуі.
	Жұмыстың дұрыс орындалмауы, жазбаша жұмыс рәсімдеу стандарттарының сақталмауы.
	Қорытындыларды интерпретациялаудың дұрыс еместігі немесе олардың жоқтығы. Жұмысты қорғау кезінде студент дұрыс түсінік бере алмайды, қате жауаптар береді, жұмыс бойынша қорытынды жасай алмайды.

Қорытынды бағалау критерийлері

95-100	Қойылған сұрақтарға толық, жан-жақты жауап беріледі, студент ұғымдармен еркін жұмыс жасай алады, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата алады. Объект туралы білімдері ғылым мен пәнаралық қатынастар жүйесінде көрсетіледі. Жауап ғылыми терминдермен тұжырымдалған, әдеби тілмен жазылған, қисынды, дәлелденген, студенттің авторлық ұстанымын көрсетеді.
90-94	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап беріледі, объект туралы саналы білім жиынтығы көрсетілді, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылды; жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым, логикалық бірізділік байқалады. Объект туралы білім осы ғылым мен пәнаралық байланыстар жүйесінде оны түсіну аясында көрсетіледі. Жауап ғылым терминдерінде әдеби тілмен жазылған. Студент жауап беру барысында жіберілген қателіктерді өз бетінше түзетуі мүмкін.
85-89	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап беріледі, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылды; жауап құрылымы нақтыланған, логикалық дәйекті. Жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым, логикалық бірізділік байқалады. Жауап ғылым терминдерінде әдеби тілмен жазылған. Жауапта студенттің оқытушының көмегімен түзеткен кемшіліктері бар.
80-84	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды көрсете білу. Жауап анық құрылымдалған, қисынды, ғылым терминдерінде әдеби тілде жазылған. Оқытушының көмегімен студент түзеткен кемшіліктер немесе елеусіз қателіктер жіберілуі мүмкін.
75-79	Қойылған сұраққа толық жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырату мүмкіндігі көрсетілген. Жауап анық құрылымдалған, қисынды, ғылым терминдерінде жазылған. Алайда, "жетекші сұрақтар" көмегімен студент түзеткен елеусіз қателер немесе кемшіліктер жіберілген.
70-74	Қойылған сұраққа дәйекті жауап жеткіліксіз берілген, бірақ бұл ретте елеулі және елеулі емес белгілер мен себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсете білген. Жауап қисынды және терминдермен жазылған. Студент өз бетінше түзеуге қиын болатын негізгі ұғымдарды анықтауда 2-3 қате жіберілген.
65-69	Толық және жан-жақты жауап берілмеді. Жалпы ойдың логикалық бірізділігі сақталмаған. Тұжырымдарды ашуда және терминдерді қолдануда қателіктер жіберілген. Студент елеулі және елеулі емес белгілер мен себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше ажырата алмайды. Студент жалпылама білімді нақтылай алады, мысалдарда олардың негізгі ережелерін тек оқытушының көмегімен ғана дәлелдейді. Сөйлеу тілі түзетуді талап етеді.
60-64	Сұрақ тақырыбы бойынша анықтамалардағы маңызды қателері бар толық емес жауап берілді. Студент осы ұғымның, теорияның, құбылыстың пәннің басқа объектілерімен байланысын түсінбейді. Тұжырымдар, нақтылау және баяндаудың дәлелдемелері жоқ. Сөйлеуі сауатсыз. Оқытушының қосымша және нақтылайтын сұрақтары студенттің қойылған сұраққа ғана емес, сонымен қатар пәннің басқа да сұрақтарына жауаптарын түзетуге әкелмейді.
55-59	Қойылған сұрақтарға толық жауап берілмеді. Студент дәлелдер келтіруге қиналады. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларындағы, фактілердің, құбылыстардың сипаттамаларында көптеген маңызды

	қателіктер бар. Жауапта тұжырымдар жоқ. Сөйлеуі сауатсыз. Қосымша сұрақтарға жауап бергенде студент білім арасындағы байланысты тек оқытушы берген соң ғана түсіне бастайды.
50-54	Студент осы ұғымның, теорияның, құбылыстың пәннің басқа объектілерімен байланысын түсінбейді. Тұжырымдар, нақтылау және баяндаудың дәлелдемелері жоқ. Сөз сауатсыз. Сұрақ тақырыбы бойынша анықтамалардағы маңызды қателері бар толық емес жауап берілді. Жауап қисынсыз. Студент осы ұғымның, теорияның, құбылыстың пәннің басқа объектілерімен байланысын түсінбейді. Тұжырымдар, нақтылау және баяндаудың дәлелдемелері жоқ. Сөйлеуі сауатсыз. Оқытушының қосымша және нақтылайтын сұрақтары студенттің қойылған сұраққа ғана емес, сонымен қатар пәннің басқа да сұрақтарына жауаптарын түзетуге әкелмейді.
0-49	Пәннің негізгі сұрақтары бойынша жауаптар алынбаған.

Балл жүйесінде қойылған қорытынды баға (ҚБ)	Баллдың сандық баламасы (С)	Баллдың әріптік баламасы (Ә)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау (Д)
95-100	4,0	A	Өте жақсы
90-94	3,67	A-	
85-89	3,33	B+	Жақсы
80-84	3,0	B	
75-79	2,67	B-	
70-74	2,33	C+	
65-69	2,0	C	Қанағаттанарлық
60-64	1,67	C-	
55-59	1,33	D+	
50-54	1,0	D	
25-49	0,5	FX	Қанағаттанарлықсыз
0-24	0	F	